

**ТАРАЗ ИННОВАЦИЯЛЫҚ-ГУМАНИТАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
«ШЕРХАНТАНУ» ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ**

***Ш.МҰРТАЗАНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ  
(8-кітап)***

***Көп томдық шығармалар жинағы***

**Тараз қаласы  
2013**

**УДК 821.512.122.0**  
**ББК 83.3(Каз)**  
**П86**

Баспаға Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің Ғылыми кеңесі мен «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығы шешімімен ұсынылған.

**Редакция алқасы:** Ерболат Саурықов, Айнұр Кембаева

**Публицистикасы:** Қазақтың Шерағасы: Жинақ / Құраст. А.Т.Кембаева.- 7-кітап. – Тараз: ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі, 2012. 231 б.

**ISBN 978-601-7325-23-7**

Жинақта ҚР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, халық жазушысы, қоғам қайраткері Ш.Мұртазаның публицистикалық дүниелері (1960-70 жылдар) берілген. Ғылыми кеңестің шешімімен Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінде «Шерхантану» арнайы курсы оқылатындықтан, кітапты оқу құралы ретінде студенттердің пайдалануы да көзделеді. Жазушы мұрағатындағы тың дүниелер мұнымен шектелмейді. Шерағаның публицистикалық дүниелері өте көп. Оларды әлі де жүйелеп, жарыққа шығару алдағы күннің еншісінде деп білеміз.

**УДК 821.512.122.0**  
**ББК 83.3(Каз)**

**ISBN 978-601-7325-23-7**

**© ТИГУ, 2013.**

## АЛҒЫ СӨЗ

Жинаққа енген дүниелер тақырыптарының әржақтылығымен, сипат-бояуларының даралығымен оқшауланып, жалпы Ш.Мұртаза публицистикасының 60-70 жылдардағы толымды пішінін, қасиеттерін түзеді. Жинақ мақсаты да, елеулі табыстарының бірі де осы деп бағалаймыз. Әрбір мақала жарық көрген жыл ретіне қарай орналастырылды. Мұның өзі онша мән берерлік жай болмағанмен, жинақтың жалпы тұтастығын, композициясын көрсетеді. Сонау 1959 жылы жазылған Ш.Мұртазаның «Ихсан ханым» атты аудармасынан бергі оның публицистикасының есею жолын, алуан түрлі бояуының қанығып, кемелденуін де хронологиялық ретпен жүйелейді.

Осы дүниелер арқылы қазақ публицистикасының Шерхан Мұртаза стиліндегі даму сипаты, бағдары, проблематикасы бой көтереді. Публицистика жанрының өз ерекшелігі, қиындығы бар, бір жағынан, талант таразысы тәрізді дүние.

Шерағаның қайраткерлік пен шығармашылық жолдары үнемі қазақ баспасөзінің қазанында қайнап, осының нәтижесі болар, оқырманға бірте-бірте таныс бола берген.

«Оның журналистік тұлғасы суреткерлік болмысына; ал ақынжанды суреткерлік тұлғасы журналистік болмысына сәулесін шашып, өзара бірін-бірі шырайландыра, ерекшелендіре түскен егіз қасиеттері... соншалықты терең із қалдырған, жеке бір мектеп болғандығымен даусыз мойындалған, көптің көкейінен шыққан.

Демек, Ш.Мұртазаның 1963-1992 жылдардағы редакторлық мектебі сүбелі-сүбелі арнаулы зерттеулерді күтіп тұрған тың тақырыптар...» - деп С.Жұмабек айтпақшы, Шерағаның осы кезеңдердің барлығында жазып өткен публицистикалық дүниелерін зерттеуге ынта-ықылас танытып жүрген жандарға септігі тиеді деген ниетпен кітапты жинақтап, жарыққа шығаруды мақсат тұттық.

Мұнда Шерағаның 1960-70 жылдардың ішіндегі дүниелері жинақталған, келесі бесінші томда 1980-90 жылдардың дүниелерін, одан әрі 2000-шы жылдан осы күндерге дейінгі дүниелерін жинақтап, жарыққа шығаруды

жоспарлап отырмыз.

«Бұл кітап – құрақ көрпеше сияқты. Менің анам Айша шебер тігінші еді. Баяғыда бай бабадан қалған «Зингер» машинасымен бүкіл ауылдың киім-кешегін осы Айша тігетін. Сонда әр түрлі маталардан қалған қиықтарды құрастырып, мақталап, түрлі-түсті, әп-әдемі көрпешелер жасайтын. Мына кітап, «әп-әдемі» болмаса да, сондай қиындылардан құралған. Әр кезде жазылған публицистикалық мақалалар, очерктер... Бірақ бәрі де әр жылдан елес беретін, заман лебін сездіретін, бәлкім, әлі де әжетке жарайтын жазбалар.

Өзіңнің көзіңнің тірісінде жинастырып, басын біріктіріп қоймасаң, кейін кім оны мұрағаттан іздеп жүрер дейсің. Не десе де еңбек қой. Кейінгілер: «осындай да заман өткен екен ғой» деп кітаптың бетін парақтаса болғаны», - деген екен Ш.Мұртаза «Ақындар мен әкімдер» атты 2002 жылы «Елорда» баспасынан шыққан кітабының алғы сөзінде.

«Мұрағаттан кім іздеп жүрер дейсің?», - деген Ш.Мұртазаның дүниелерін 2009 жылдан бері Тараз инновациялық-гуманитарлық университетінің «Шерхантану» ғылыми-зерттеу орталығының қызметкерлері үлкен ыждаһаттылықпен тиянақтап, саралап, жинақтап, жарыққа шығарып жатқандығын, әлі де том-том дүниелердің шығуы алдағы күннің еншісінде екендігін атап өткіміз келеді.

**«Шерхантану» ғылыми-зерттеу  
орталығының директоры  
Айнұр Тұрарқызы Кембаева**

## ИМАНЖҮСІП

1995 жылы оқу бітіріп, Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасына жұмысқа бардым. Жұмыстағы көршім шашын «бокспен» қысқа қырықтырған, орташа бойлы, балуан тақылеттес жігіт ағасы екен. Өзін:

- Сәуірбек Бақберген, - деп таныстырды.

Ашық-жарқын, әңгімешіл кісі екен, бірден баурап алды. Оқымаған кітабы, білмейтін тарихы жоқ-ау деймін, қай тақырып болмасын тереңнен тартып, ұзақ әңгіме толғайды.

Әңгімесі шырайлы. Тыңдай бергің келеді. Шыңғыс хан туралы, оның бәйбішесі Бөрте сұлу туралы толғағанда Сәукеңнің өзі соларды көзбен көріп, солармен бірге жүргендей әсер қалдырады. Әңгіме айтуға да үлкен талант, терең білім керек қой. Сондай ауыз әңгіме шеберлерінің бірі жазушы марқұм Жекен Жұмаханов еді. Мен білетін шебер әңгімешілердің соңғысы Оралхан Бөкей еді ғой.

Сонымен Сәукеңнің келесі бір жолғы әңгімесі мен әлі біле бермейтін мүлде тың тақырыпқа ойысты. Әуелі ән айтылды. Тәп-тәуір даусы бар еді. Жігерлі өршіл әуен.

«Абылай аспас Арқаның сары белі...» деп басталып, ары қарай таусылмас арман ағысына ұласты.

«Қырық мың жылқы су ішсе лайланбайтын Аюлыдағы Нияздың Қара көлін» көргің келеді.

«Мен елімде жүргенде жұрттан астым,  
Менменсіген талайдың көңілін бастым.

Жаныма ерткен жігітке олжа салып,

Бір түнде сегіз қызды алып қаштым» - дегенде көз алдында ғажайып ерлік сурет елестейді.

«Мен қалайша жалғанда тұрақтайын,

Өрт тиіп, лаулап жанған құрақтайын.

Аузы түкті кәпірдің талайларын,

Бақыртып бауыздаушы ем лақтайын» - деген жерге келгенде Сәукеңнің екі көзі тарс жұмылып, шықшыты бұлтылдан кетеді. Көзіңе кинодағы Робин Гуд ерліктері келеді.

Сөйтсем бұл Дала рыцары, бұланай күштің, зорлықшыға деген кешірілмес кектің иесі – Иманжүсіп деген батыр екен.

Оны осы уақытқа дейін білмеу себебім: ол да «халық жауы» екен. Атын атауға болмайды екен. Әділетсіздікке қарсы қайыспас күрескер екен. Әйгілі Созақ, Мойынқұм көтерілісіне қатысқан батыр

Иманжүсіп, совет түрмесіне түсіп, Әулие-Ата түбінде, Қарасу бойында атылған екен.

Қазір Қарасу бойына үйлер салынып кеткен. «Халық жауларының» сүйегі қаланың астында қалды. Оны қала тұрғындары біле де бермейді. Білсе, дұға қылып, құран оқытып, тәубаға келер еді. Бір көшенің атын халық батыры, ақыны, асқан әншісі, композитор Иманжүсіп деп атар еді.

Өткен жылы Астанадағы Қалибек Қуанышбаев атындағы қазақ театрында Иманжүсіпке арналған жиын болды. Өзі өлеңіне, әніне қосқан Қараөткел халқы Иманжүсіпті еске алып, зор қошемет көрсетті.

Жалған дүниеден із-түзсіз кеткен жаман. Өмірде қанша зор болсаң да, артында іздерің, сұрарың қалмаса қор боласың.

Тіршілікте зор болдың,

Өлдің, Мамай, қор болдың, - деген содан қалған.

Иманжүсіптің артында қалған немере қызы Раушан бар екен. Оқымысты кісі. Соның талмай ізденіп, талпынуының арқасында таяуда жарыққа Алматыдағы «Қайнар» баспасынан «Иманжүсіп» атты кітап дүниеге келді.

Мағлұматы бай, деректі құжаты мол, Әбділда Тәжібаев, Жұмабай Орманбаев, Зейтін Ақышев, Ілия Жақанов сынды ақын-жазушы, композитордың естеліктерімен, зерттеулерімен байыған бұл кітап, Иманжүсіп туралы сырдың бастамасы болар.

Иманжүсіп – Балуан Шолақ, Қажымұқан есімдерімен қатар тұратын қасиетті халық мақтанышы. Ұлт намысының үлгісі. Қазіргі, бізден кейінгі ұрпақ бұл есімдерді ардақтай білсе, халқымыздың мерейі өсе түспек.

Ел үшін, теңдік үшін, бостандық үшін жанпида болған ерлер алдындахалық қарыздар. Оның өтемі: ерлер есімін өшірмеу. Иманжүсіп әні радиодан, телеарналардан сирек естіледі. Осыны да ескерейік.

Шерхан Мұртаза  
№82  
«Е.Қ», 17.04.02.

## Әттең тонның келтесі-ай...

Тірі болса, осы күндерде Тұтқабай Иманбеков 70-ке толар еді

### Шерхан МҰРТАЗА

Аптығып айлар өтеді.

Жылжып жылдар жетеді.

Сөйте-сөйте күні кеше өзіңмен бірге жүрген, бірге ойнап-күлген, тіршіліктің ыстық-суығын бірге көріп, замана бейнетін бірге бөліскен жақыныңнан айырыла-айырыла, адасқан қаздай хал кешесің.

Тұтқабай Иманбеков - өнген, өскен әулеттің азаматы еді. Әкесі Иманбек заманында болыс болып, көп қатын алған кісі еді, жарықтық. Сондықтан да соңында көп ұрпақ қалған.

Сол көдедей көп ұрпақтың ішінде шоқтығы биігі, білімі мен парасаты келістісі, сегіз қырлы, бір сырлысы, кісілігі мол, таланты зор, ай маңдайлысы Тұтқабай болатын. Қырықтың бірі Қызыр деген осындай ретте айтылса керек.

Тұтқабайдың ауылы мен біздің ауылды Шақпақ атты таулы жота бөліп жатады. Шақпақ барып Құлантауға, Құлантау Бөкей тауға ұласады. Одан ары Боралдай, Қос Тұра болып, Бәйдібек баба ауданына сіңісіп кетеді.

Тұтқабай ауылының бір шеті Ақ Биік Ақ Биік шоқтығына, бір шеті Арыс өзеніне барып тіреледі. Бір жағы – тау, бір жағы - өзен. Сондықтан да Алматы-Ташкент жолы Тұтқабай ауылын қақ бөліп жатады.

Ал енді ауылдың оңтүстігінен атақты ақсу-Жабағылы қорығы басталады. Дәл қазір дүниеде бұзылмаған, құлыншақ күйінде қалған табиғат, әй, сирек шығар...

Сол сиректің біреуі – осы Ақсу Жабағылы. Нұрың пейіште шалқығыр Тұрар Рысқұлов 1926 жылы Кеңес үкіметінің бастығы Рыковтың орынбасары болып тағайындалған күннің ертесіне үкімет қабылдаған қаулының біреуі – осы Ақсу-Жабағылы қорығын құру туралы заң күші бар пәрмен болатын.

Міне, осы күнге дейін әуелі Құдай, одан кейін осы қорық туралы заң күші бар қаулының арқасында, бұл күнде Ақсу-Жабағылының қарлы шындарында теңбіл барыс пен арқарлар қатар өмір сүріп келеді...

Тұтқабай туған бұл елді мекенді бұрын Куйбышев деп атаушы еді, енді Ақ Биік аты қайта оралды.

Бетеге кетіп, бел қалар,

Бектер кетіп, ел қалар, - деген осы. Қайдағы бір Куйбышевты адастырып әкеліп, таңып қойған заман-ай...

Тұтқабай екеуімізді «Лениншіл жас» атты газет таныстырды. Ол аса қабілетті, бейнетқор журналист еді. Әрі ақын ғой. Бірақ қазақ журналисінің, әрине, таланттыларының арқалағаны алтын, жегені тікен түйе сияқты ғой. Түйе жарықтық аштыққа да, шөлге де шыдай беретін, үстіне қанша жүк артсаң да жүре беретін өте қасиетті мал ғой.

Сондай журналист Тұтқабайдың болар-болмас жалақысы бар, толар-толмас қаламақысы бар. Осындайда орыстың бір мәтелі ойға оралады: «Семеро с ложкой, один с кошкой», яғни жеті жалмауыз қасықтарын ұстап жалаңдап отырады, жалғыз адам соқаның соңында жүреді. Ал Тұқаңның жап-жас үйелмелі-сүйелмелі бес баласы бар. Қолында жүріп оқитын қарындасы бар, әйелі бар... Алматының о шеті мен бұ шетінде ол жалдамаған үй жоқ. Үй де емес-ау, әлдекімдердің тауық қорасы, аюдың үңгіріндей жертөлесі...

Сөйтіп жүріп, өлгенде әрең газет-журнал баспасының жаңадан салған үйінен «Лениншіл жасқа» бір-екі пәтер тимей ме. Соның біреуі Тұтқабай Иманбековке бұйырады. Оның өзі «полуплуторка». Яғни, бір жарым бөлме.

Тұқаң соның өзіне мәз болып, тақиясын аспанға атып, шағын той жасамай ма.

- Кім білер, кімнің арманын,

Таразы білер салмағын.

Өтіп бір кетсе жас өмір,

Арманда болып қалмағын...

Осыны әнмен айтып, тойға келген жора-жолдастарының көңілін көтеруге тырысып, бар өнерін салады.

- Өкінерсің, қаларсың,

Өткенді қайдан табарсың?!

Өтіп бір кетсе жас өмір,

Қарызға кімнен аларсың?!

Редакциядағы Тұтқабайлар отыратын бөлмеге кірсем, босағада бүкшиіп бір кісі отыр. Аяғында кебіс-мәсі, үстінде жеңіл шапан, басында, о, құданың құдіреті, жаздың шілдесінде түлкі тұмақ. Қасында екі басы тығыншықтай ала қоржын.

Сөйтсем, Тұтқабайдың туған әкесі екен. Сексеннен асып, тоқсанды алқымдап қалған-ау, сірә.

Жөн сұрасып, шұқырасып болғаннан кейін дереу кабинетіме алып кірдім. Редакциядағы жалғыз креслоға отырғызып, көмекші қызға шай алдырдым. Жарықтық, рахметін жаудырып жатыр.

- Тұтқам үй алды дегенді естіп, шыдамастан, пойызға міндім. Өз үйі, өлең төсегі болмай, азаматтың тіршілігі оңала ма, түтіні түзу шыға ма, - деп сымпылдады баяғының болысы, көп қатын алды деген атағы бар Иманбек шал. – Саған мың да бір рахмет, шырағым, өркенің өссін, жасың ұзақ болсын, - деп жатыр.

- Оу, ақсақал, рахметті маған емес, өкіметке айтыңыз, өкіметтің үйі ғой, - деп сыпайылаған боламын.

Содан, құданың құдіреті, кенет өз әкем есіме орала кетті. Тірі болса, өстіп мені елден іздеп келер еді-ау... Суық Сібірдің қай қарағайының түбінде қалдың екен, жазықсыз жазаланған бейшара... «Халық жауы...» қайдағы «Халық жауы?!»

- Бақытың бар екен, Тұтқабай, - дедім. Ол түсініңкіремей, күлімсіреп бетіме қарады.

Не керек, бір заманда бір қауым елді билеп, тұлпар мініп, ту ұстаған, небір сұлуларды тандап сүйген азаматың енді шүйкедей шал болып, сақалы сексиіп, қоғадай көп балаларының ең жарымдысын іздеп келіп тұр.

Дүние шіркін дөңгелек. Домалай береді. Замана шіркін бейәдеп. Біресе бетін береді, біресе артын береді. Сондай өмірдің куәгері мына Тұтқабайдың Кеңес дәуірінде жүндес көк есек мініп қалған әкесі еді.

Қазақта жер көп, халық аз. Тұтқабайдың әкесі туралы: көп қатын алған, болыс болған, - деп қыртады кейбіреулер. Тұтқабайдың әкесіндей ерлерге көп бала қалдырғаны үшін ескерткіш орнатса жарасады.

Тұтқабайдың өзі де бес баланың әкесі болды. Отызға жетпей-ақ, көп қатын алмай-ақ. Бірақ солардың ішіндегі ең таланттысы оқыста шетінеп кетті-дағы, Тұтқабай содан аурушаң болып, ақыры жүрек кеселінен тым ерте кетті.

Ол жап-жақсы ақын еді. Соңғы кездері прозаның ауылына ауысып, «Үлкен үй» атты салмақты роман жазды.

Мен 1980 жылдан бастап, тоғыз жылдай «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторы болдым. Тұтқабай осы газеттің жауапты хатшысы қызметін атқарды. Редакцияның бір қабырғасын тіреп тұрды.

Есіл Тұқаң ер көңілді, мінезі ашық-жарқын, аңқылдаған, ақынжанды жігіт еді. Ұжымда той-томалақты сол ұйымдастырып, сол

басқаратын. Өзі ақын, өзі сазгер... Ол шығарған әндер де бар. Соның бірі «Әттең, тонның келтесі-ай» еді. Тойды осы әнмен бастаушы еді.

Қайырмасы:

- Сен емес пе ең маған теңдес,

Сен көнсең де, әкең көнбес,

Әттең, тонның келтесі-ай... – деп келетін.

Бұл тек әннің қайырмасы ғана емес, өмірі таусылмайтын арман, қол жетпес биік мақсат, бәлкім, тонның емес, өмірдің қысқалығы туралы шығар. Кім біледі, Тұқаң осы тұсты өте тебіреніп айтушы еді...

«Е.Қ.», 11 қаңтар 2007 жыл

## **1984 жылы Ғылым және әлеуметті мәселелер бөлімінен шыққан материалдар**

Өткен 1984 жыл Совет халқының рухани өміріне үлкен жаңалық әкелді. КПСС Орталық Комитеті «Жалпы білім беретін және кәсіптік мектеп реформасының негіз бағыттарының» жобасын халық назарына ұсынып, кеңінен талқылады. Осы бүкілхалықтық үлкен талқылауға «Қазақ әдебиеті» газеті де айтарлықтай ат салысты. Редакцияда мұғалімдер, ғалымдар, еңбек ардагерлерімен дөңгелек стол ұйымдастырылды. Арнайы командировкамен бірнеше материалдар жарияланып, қазіргі мектептердегі оқу-тәрбие жұмыстарына байланысты мәселелер кеңінен қозғалды. Мектептерде шетел тілдерін оқытуға байланысты да газет бірнеше материалдар жариялады. Жазушы Қ.Қараманұлының «Шетел тілі шеттетіле бере ме?», ғалым Ә.Дербісәлиевтің «Жақсы іс жалғасын тапты ма?» деген проблемалық мақалалары оқырмандар көңілінен шығып, редакцияға көптеген хаттар келіп түсті.

Бөлім тілімізге байланысты жазылған материалдарды жүйелі беріп келеді. Соның ішінде тілші-ғалым Н.Уәлиевтің бірнеше мақалалары мен өнер зерттеушісі Д.Шоқпарұлының «Зерігерлер түйген сұлу сөз» деген мақалалары күнделікті қолданудан қалып бара жатқан көне сөздерді әңгіме етіп, осыған орай тілге байланысты

проблемаларды қозғайды.

Бөлім тілімізге байланысты жазылған материалдарды жүйелі беріп келеді. Соның ішінде тілші-ғалым Н.Уәлиевтің бірнеше мақалалары мен өнер зерттеушісі Д.Шоқпарұлының «Зергерлер түйген сұлу сөз» деген мақалалары күнделікті қолданудан қалып бара жатқан көне сөздерді әңгіме етіп, осыған орай тілге байланысты проблемаларды қозғайды.

Бөлім жүргізіп отырған «Ғасырлар қойнауына саяхат», «Архив қазнасын ақтарғанда» рубрикалары мен жарияланған сан-алуан тақырыптардағы материалдар да оқырмандарды жайбарақат өалдырмады деп ойлаймыз. Атап айтқанда, көтеріліс басшысы есет батыр туралы С.Сарыбаевтың «Бір суреттің ізімен», «Махамбеттің өмірбаянына тың дерек қосатын Ә.Дербісәлиевтің «Орындалмаған ұлы арман», Мұхтар Әуезовтың семинаристік жастық шағынан Қ.Мұқамбетқалиевтың «Мұхтар семинарист», Шоқанға арналған С.Өтениязовтың «Ұлы ғалымның мол мұрасы», Ә.Марғұланнның юбилейіне байланысты С.Ақатаевтың «Ғұлама ғалым» мақалалары қызықты тың деректерімен, тереңдігімен оқырман назарын аударды деп ойлаймыз.

Мұнымен қатар ғылым бөлімі моральдық-адамгершілік тұрғыдан да «Инабат иірімдері» рубрикасымен үзбей материалдар беріп тұрады. Журналист Р.Отарбаевтың «Құлқын», ақын с.Иманасовтың «Сыйласа білеміз бе?», «Адал адам, ол кім» деген мақалалар қоғамдағы совет адамына жат қылықтар төңірегінде ой қозғайды. Бұлармен қатар көпке үлгі боларлық қарапайым адамдардың басындағы жақсылықтар да бөлім назарынан шет қалған емес. Журналист Д.Әшімханов Семей облысындағы шопанның тіл біліміне деген құштарлығы туралы «Шопан тіл білімін зерттейді» деген очерк жариялады. Осы очеркке орай республикамыздың түкпір-түкпірінен хаттар келіп түсті.

элеуметтік проблемаларға орай бөлім бірнеше салмақты материалдар жариялады.

Қызылорда облысы Жалағаш селосындағы арызқой туралы жазылған мақалада өз бас пайдасы үшін адамдарды нақақтан қаралап жүрген арызқой әшкереленді. Бұл мақала да оқырмандарға айтарлықтай әсер етті.

«Алтынсарин көшесі, ұзындығы 100 метр» деген мақала өзінің көтеріп отырған проблемасымен астана жұртшылығын елең еткізді. Автор бір ғана фактімен талай-талай келелі мәселелерге қозғау

салады.

Ғылым және әлеуметтік мәселелер бөлімі сирек те болса спорт проблемаларын жазып жүр.

Өткен жылы «Спортта ел намысы» деген мақала жарияланып, спортқа қазақ жастарының аз қатысатыны, немқұрайды қарайтындығы әңгіме болды.

Бөлім басқа да сан алуан рубрикалар бойынша қызықты материалда жариялап тұрды.

## **Ғылым және әлеуметтік мәселелер бөлімі**

### **«Қазақ әдебиеті» газеті сын бөлімінің 1984 жылғы жұмысы туралы қысқаша анықтама**

Әдетте, әдеби басылымның бет-бағдарын әдеби көркем сын материалдарынан аңғаруға болар еді. Сын - әдеби процестің жайын да біршама бағамдататыны тағы рас. Сын бөлімі жыл беделінде 10 айдарды ұстап, материалдарды осы айдарлар бойынша беріп келеді. Жалпы айтқанда, 160-тай мақала, 40-тай рецензия жарық көрді. Бөлім жұмысы туралы айтсақ:

«Проза: ойлар, толғаныстар», «Поэзия: ізденістер, іркілістер, Қазіргі қазақ әңгімесі» атты тұрақты рубрикаларда бірталай материалдар жарияланды. Бұл ретте З.Ахметовтің «Абай жолы» қалай туған /№11/, Р.Нұрғалиевтің «Сырлы сөз» /№14/, М.Сқақбаевтың «Көрікті әлемдегі көркемдік ізденістер» /екі мақала №19-20/, Т.Медетбековтің «Баба дәстүрдің мұрагері кім?» /№30/, Ғ.Мүсіреповтің «Екі Мұхтар» /№36/, Р.Бердібаевтың «Кемеңгерлік ғибраты», С.Жұмабековтың «Елу жыл өткен соң» /№43/, т.б. мақалалары әдеби жұртшылық, оқырман қауым назарын аударғанын атап айту орынды. Аталмыш рубрикаларда белгілі сыншылар, қаламгерлер, сондай-ақ жастар қазіргі әдеби процесс туралы ой-пікірлерін білдіреді.

Бөлім партиямыздың қаулы-қараларына үн қосқан материалдарды жариялап отырды. 1984 жылы «Жұлдыз», «Простор» журналдарының бас редакторлары Б.Тілегенов, В.Лариннің мақалалары /№2,3/ «Жұлдыз» журналының бір жылдық поэзиясына Ж.Ермановтың «Журнал және жыр» /№25/, сондай-ақ «Жалын» альманағына «Талап ортақ, жауап қандай?» /№33/ атты редакциялық үлкен мақалалар, Жазушылар одағының мерекелік Пленумында К.У.Черченко жолдастың сөйлеген сөзінен туындайтын мәселелерге үн қосқан С.Қирабаевтың «Партия сөзі» /№52/ мақаласы жарық көрді.

«Сіз қалай жазасыз?», «Ақын туралы», «Қаламдас туралы сөз» рубрикаларында жеке қаламгерлер творчествосына, жазудың қыр-сырларына арналған, материалдар мүмкіндігінше жүйелі түрде беріліп отырды.

1984 жылы – жазушылар қауымы үшін ерекшелеу жыл болды.

СССР Жазушылар одағымен Қазақстан Жазушылар одағының 50 жылдық, қазақ әдебиетінің алыптары К.Әзірбаевтің 100 жылдық, С.Сейфуллин, І.Жансүгіров, Б.Майлиннің 90 жылдық юбилейлерін мерекелік номерлер, беттер дайындалды. Мерекелік мақалалардың жалпы саны 100-ден астам.

Жас жазушылардың бүкілодақтық ҮШ кеңесі, тыңның 50 жылдығына орай жазушылардың Алматыдағы Бүкілодақтық конференциясы «Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» атты творчестволық конференциялар өткен жыл еншісіне тигендіктен газеттің біраз номеріндегі осы мерекелік даталарға, конференцияларға арналды.

Бұл орайда бөлім алдын-ала ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, СССР Жазушылар Одағының 50 жылдығына бір номерін /№38/, Қазақстан жазушыларының 50 жылдығына екі номерін /№40,41/ арнады. Жас жазушылар кеңесіне орай Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары С.Мұратбековтің «Табылмаған жоқты табу...», сондай-ақ Т.Кәкішев, М.Сқақбаев, Ж.Дәдебаевтың мақалалары берілді.

«Соңғы жылдардағы қазақ көркем шығармаларының тілі» конференциясы қарсаңында И.Ұйықбаев, А.Айғабылов, Ә.Болғанбаев, Б.Нұржекеев, М.Серғалиев, Н.Уәлиев, Р.Сыздықова, А.Алдашева, Ә.Қайдаров /сұқбат/, Ф.Оразбаева мақалалары және «Қуаты күшті нұрлы сөз» атты дөңгелек стол жарық көрді.

Бөлім мүмкіндігінше балалар әдебиеті, фантастика, драматургия мәселелерін де назардан тыс қалдырған жоқ.

Жарияланған материалдар негізінен дәйектілігімен, принципшілдігімен ерекшеленеді. Мақалалар, рецензияларда нашар шығармалар әділ сыналады.

Осы ретте Ж.Ермановтың «Журнал және жыр», И.Сапарбаевтың «Уақыт елегінен өтер өлең», Т.Медетбековтың «Әр сөздің тасасында асылы бар», сондай-ақ «Талап ортақ, жауап қандай» атты редакциялық мақалаларды, Ғ.Доскеновтің «Бір кітаптың бірнеше қыры» /Қ.Тоқмұрзин, «Үш кие». №15/, Ғ.Әнесовтің «Екі роман – екі дүние» /К.Тоқаев. Солдат соғысқа кетті №23/, Ә.Бейсебаевтың «Мата даңқын, малдана береміз бе?» /С.Ләмбеков. «Әке жолы» роман. №29/ т.б. рецензияларды айтар едік.

Әдебиетімізге /өз өлшемімізбен алғанда/ жаңалық болып енген, көркем, нақышты шығармаларға газетте мейлінше тез пікір білдіріледі. Дегенмен де, жасырары жоқ, рецензия жанрының жағдайы әлі де жақсармай келеді. Жыл ішінде 40 рецензия жарияланды.

Қаламгерлердің юбилейлері қарсаңында әдебиеттегі салмақ-үлесіне орай мақалалар жарияланып отырды.

Мүмкіндігінше одақ, шетелдің көрнекті қаламгерлерінің творчестволары да ұмыт қалмайды. Материалдардың берілуі сипатынан формалық ізденістерге ұмтылыс байқалады. Үлкен мақалалар, рецензиялармен қатар әдебиеттің проблемаларын сөз еткен қызғылықты дөңгелек столдар, диалогтар осының дәлелі.

1984 – жылы бөлім екі жаңа рубрика – «Келіңіздер, кеңесейік», «Тарихи шығарма және қазіргі сын» - ашып, бірнеше материал берді.

### **Өткен 1984 жылы очерк және публицистика бөлімі бойынша жасалған жұмыстар**

Өткен жылы бөлімнің онға жуық тұрақты рубрикасы болды. Атай айтқанда «Жазушы толғанысы», «Бесжылдықтың ырғақтары», «Ауылың қандай ағайын?», «Зәру мәселе», «Салюті Ұлы жеңістің, нұрландырды жер үстін!». Сондай-ақ өткен жылы елімізде тың көтерудің 30-жылдығы кеңінен аталып өтуіне байланысты «Дала дастаны, дәуір шежіресі» атты т.б. рубрикалар тұрақты түрде жүргізіліп отырды.

Тыңның 30-жылдығына арналған арнаулы беттер берілді.

Сондай-ақ тың ерлері туралы көлемді очерктер жарияланып тұрды. Атап айтқанда, Жамбыл облысынан М.Байғұтовтың «Атабектің алтын жұлдызы» деген очеркінде /29 июль/ Социалистік Еңбек Ері Атабек Сәтмырзаевтың тек еңбек жолы ғана емес, бүкіл өмір жолы әдемі суреттелген.

Осы секілді материалдар республикамыздың көптеген жерлерінен жазылды. Оның үстіне көбіне штаттан тыс авторлар тартылды.

Өткен жылы редакция «Ауылың қандай, ағайын?» рубрикасын жүргізген болатын. Бұл ауыл тұрғындарына үлкен ой салып, режакцияға ондаған хаттар келді.

«Зәру мәселе» рубрикасы да өткен жылы дүниеге келіп, әлі күнге жүргізіліп келеді. Бұл рубрика да оқырмандар арасында кең қолдау тауып, өз пікірлерін, көкейкесті ойларын ортаға салған хаттар жиі келіп тұрады.

Хаттардың толассыз келіп тұратын бір тақырыбы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты жүргізіліп отырған «Салюті Ұлы Жеңістің, Нұрландырды жер үстін» рубрикасы. Тек өткен жылдың өзінде осы тақырыпқа байланысты отызға жуық материал жарияланды. Бұл тақырып бойынша газетіміздің әр санында кемі бір материал жарияланып тұрады. Редакцияның Жеңістің 40 жылдығына байланысты берілетін материалдары жөнінде жасалған арнаулы жоспары бар.

Редакция ауыл еңбеккерлерінің де өмірін кеңінен көрсетіп отыруды ескерді. Бұл тақырып «Бесжылдықтың ырғақтары» рубрикасымен қамтылады. Бұл тақырыпта тек штаттағы авторлар емес, ауылдық жерде тұратын еңбеккерлердің өзінен әр апта сайын ондаған хаттар келіп тұрады. Мұнымен бірге редакция газет бетіне жазушыларды да кеңінен қатыстырып отыру мақсатында «Жазушы толғанысы», «Жазушы және өмір» атты рубрика тұрақты жүргізіліп, онда республикамыздың түкпір-түкпіріне барып қайтқан қаламгерлер өз көрген-білгендерін, ой толғаныстарын ортаға салады.

Бұған қоса «Ел тірегі – бейбіт күн», «Ардагерлер арамызда» секілді рубрикалар да тұрақты жүргізіліп тұрады.

### **«Зәру мәселе» рубрикасы бойынша**

«Зәру мәселе» рубрикасы да өткен жылы дүниеге келіп, әлі күнге жүргізіліп келеді. Өткен жыл ішінде оннан аса материал газет бетінде жарық көрді. Атап айтқанда, Ә.Дербісәлиевтің «Жақсы іс жалғасын тапты ма?» /№14, 6 апрель/ атты мақаласында республика мектептерінде араб тілін оқытудың мәселелеріндегі зәру жайлар сөз болса, С.Маханбетовтың «Қағажу қалғаны қажытар» /№23, 8 июнь/ атты материалында қазақ эстрада-цирк өнері студиясына тиісті орындардан көмек көрсетілмей келе жатқаны нақты сөз болады.

Соңғы жылдары республикамызда бал дайындау мәселесі кенже қалып келеді. Журналист М.Жылқайдаровтың газетіміздің 9 марттағы №10 санында жарияланған «Бал» атты мақаласы осы мәселені егжей-тегжейлі сөз етеді. Бірақ бөлім бұл мәселені аяқсыз қалдырды.

Газетіміздің өткен жылғы отызыншы санында жарияланған М.Исаевтың «Тәуір болсын десеңіз» деген мақаласында Қызылорда облыстық колхоздар советінің Ы.Жақаев атындағы санаторий - профилактикасының кемшіліктері ғана емес, оған қажетті көкейкесті зәру жайлары кеңінен әңгіме болды.

КПСС Орталық Комитетінің Октябрь /1984/ Пленумында елімізде су қорын үнемдеу және тиімді пайдалану мәселесі кеңінен сөз болып, алда тұрған міндеттерді нақты түрде белгілеп берді. Осыған орай газетіміздің 30 ноябрьдегі санында С.Жұбатыровтың «Сұрауы бар су еді» деген материалы жарық көрді. Онда Арал суын пайдаланудың жайлары әңгімеленді.

Сол секілді газетіміздің өткен жылғы сандарында арнаулы тілшілеріміз Т.Иманбековтің «Қайран қауын», К.Мырзабековтің «Тары туралы», секілді материалдары жарияланып, газет оқырмандарынан өз пікір-ұсыныстарын білдірген хаттар жиі келіп тұрды.

## **Өнер бөлімінің 1984 жылы атқарған жұмыстары туралы қысқаша мәлімет**

Өткен жылы өнер бөлімінен «Сыр сандық»; «Сұлулықтан сыр тартсақ»; «Айтыс», «Көненің көзі», «Кітап – кісілік келбеті», «Театр»; «Кино», «Ортаға салар ойлар бар», «Зәру мәселе», тағы басқа осындай рубрикалармен бірсыпыра материалдар жарық көрді. Мысалы, соңғы жылдары өркен жайып келе жатқан айтыс өнері

жайында өнер бөлімінен Мүсілім Базарбаевтың «Бүгінгі айтыс бөлекше» /1 июнь/; «асау аттың жалындай» деген атпен Советқазы Ақатаевтың, Шәрібек Алдашевтің, Көкен Шәкеевтің /20 июль/, Тұтқабай Иманбековтың «Айтыста аңғарылар арынды ақын» /22 июнь/, Ж.Ихдановтың «Марқайып та, мақтанып та жүрміз», Ш.Қыдырниязованың «Ойды өрбіте түссек», А.Тұрысбековтың «Тілек» /16 ноябрь/ деген материалдары айтыс өнерінің бүгінгі жай-жапсарлары, проблемалары жайында жан-жақты сөз етті.

«Кітап – кісілік келбеті» деген рубрика 1984 жылы дүниеге келді. Содан бері бірнеше топтама материалдар берілді. Атап айтар болсақ «Жан азығы жолда қалмас», авторы Асқар Егеубаев /3 февраль/, «Жан азығына жанашырлық керек» /13 апрель/ және «Етектен тартқан енжарлық» /27 июль/ деген Нұрдәулет Ақышевтің материалдары оқырмандар тарапынан зор қолдау тапты. Оған бөлімге түсіп жатқан оқушы хаттары куә болады. Осы рубрикамен өткен жылы оқтын-оқтын оқырман пікірлері де беріліп тұрды.

Театр өнері туралы да өткен жылы қойылған премьералар негізінде бірқатар материалдар жарияланды. «Алуа», «Ақ кеме», «Ол – менің тағдырым», «Біз үшеу едік», тағы басқа жаңа қойылымдар жайында газет уақытында өз пікірін білдіріп тұрды. Мұнан басқа театр репертуары жайына келелі мәселе қозғаған драматург Сәкен Жүнісовтың «Тағы да репертуар туралы» /7 сентябрь/ деген проблемалық мақаласы шықты. Сондай-ақ М.Әуезов атындағы академиялық театрдың Францияға өнер сапары жайында Әшірбек Сығаевтың «Сәтті сапар саздары» атты материалы жарық көрді.

Ал «Көненің көзі» рубрикасымен де біраз материал жарық көрді. Негізгілерін атасақ, ол: Өзбекәлі Жәнібековтың «Алтын домбыра жайлы аңыз» /6 янв./ «Естайдың соңғы әні»: тағы басқа.

Сонымен қатар С.Елеманованың «Ақылдасып көрейікші» /9 март/, Қ.Забиковтың «Күй табақтар күй тілейді» /11 май/, С.Махамбетовтың «Қағажу қалған қажытар» /15 июнь/ деген материалдары бүгінгі көне аспаптар жайынан; дыбыс жазу мәселелерінен, қазақ эстрада цирк өнері студиясының жай-күйінен сөз қозғады.

Бұлардан басқа да «Сұлулықтан сыр тартсақ» айдарымен халыққа таныла бастаған жас өнер иелері жайында үзбей материалдар шығып тұрды. Өткен жылы ғана ашылған «Сыр сандық» рубрикасымен Айман Мұсақожаева; Сергей Герасимов сияқты өнер тарландары туралы диалогтар берілді. Бұл рубрика бойынша алдағы

уақытта да материалдар беріле береді.

Өткен жылы қазақ өнерінің көптеген өкілдерінің юбилейлері аталды. Бөлім олардың ешқайсысын ұмыт қалдырған жоқ.

Дегенмен, кемшіліктер де көп. Мысалы, театр өнері жайында білгірлікпен жазылатын материалдар бөлім қоржынында өте аз. Опера мен балеттің бүгінгі жай-күйінде тереңдей алмай жатырмыз. Келелі проблема қозғау да бөлімде шабандау. Мұның бәрі алдағы уақытта өз шешімін табады деген ойдамыз.

### Проза бөлімінен

Проза бөлімі бойынша 1984 жылы көптеген жаңа әңгімелер жарық көрді. Бөлімнің «Туысқан халықтар әдебиетінен», «Жас өркен» рубрикалары арқылы.

1. Январь Т.Нұрмағамбетов «Маяға түнеген еркек».
2. 13 январь. І /Б.Соқпақбаев/ Екі әңгіме/
  - а/ Жыртыл шалым жыртыл
  - б/ Тамаша сөз
  - 2/ Ерболат Жүсіпов – «Түнгі оқиға».
3. 20 январь. О.Сарсенбаев «Бәрінен де не қымбат».
4. 27 январь. Әлем әдебиетінен П.Мериме «Матно Фольконс».
5. 3 февраль. Ғ.Мүсірепов «Қарлығаш» / «Жатқолында» романынан үзінді/.
6. 10 февраль. Ғ.Мүсірепов «Қарлығаш».
7. 17 февраль. М.Мағауин «Биік үйдегі бөрібасар».
8. 24 февраль. С.Бердіқұлов / Екі әңгіме/
  - а/ Жүйке жонған түн
  - б/ Танкімен келген Тарғанбай.
9. 2 март. З.Қыстаубаев «Көке».
10. 9 март. К.Жүнісова «Жазира»
11. 23 март. Ж.Түменбаев «Лотерея билеті».
12. 6 апрель. М.Қабанбаев «Бір қорап сіріңке».
13. 13 апрель. М.Қазанов «Үрей».
14. 20 апрель. Виктор
15. 27 апрель. Б.Қатшыбаев «Қателік».
16. 4 май. М.Құлкенов «Іні ақылы».
17. 18 май. Д.Әшімханов «Ақ ниет».

18. 25 май. а/ Т.Әлімқұлов «Содырлық сыры»  
б/ Еслиханов «Өкіл қыз»
19. 1 июнь. Б.Шаханов «Ақтеңгені білесіз бе?»
20. 8 июнь. О.Бокеев «Ауыл хикаялары»  
а/ Көк тайынша  
б/ Маңдайдан бағып шайқалса
21. 15 июнь. Серік Асылбеков: Кездесу
22. 22 июнь. С.Еркебаев «Гөй-гөй»
23. 29 июнь. М.Есламғалиев «Ен даладағы емен».
24. 6 июль О.Сәрсенбаев «Еркек емессің бе?»
25. 13 июль. Т.Рахымжанов «Жалғыз ұл»
26. 20 июль. Ж.Кәрменов «Жан жүйесі»
27. 27 июль. Д.Гранин / Туысқан халықтар әдебиетінен  
«Поезға дейін үш сағат қалған-ды».
28. 3 август. а/ Ғ.Мустафин «Толғану» /ЭССЕ/  
б/ К.Паустовский «Шөлдегі аялдама».
29. 10 август. С.Досымов «Ті қаққан абитуриент».
30. 17 август. Т.Нұрмағ. «Бақташы»
31. 24 август. У.Қалижанов «Домбырасыз ауыл».
32. 31 август. Қ.Мұқанбетқалиев «Жалғыз жиен».
33. 7 сентябрь. Төлеміс Меңдіғалиев «Қызыл қобдиша» /Жас өркен/.
34. 14 сентябрь. Ш.Мұртазаев «Қызыл батыр».
35. 21 сентябрь Вс.Иванов «Темірбай».
36. 5 окт. Ж.Молдағалиев «Ел суреттері»  
а/ Гиппоз  
б/ Инстинкт
37. 19 октябрь. Өскен Даникеев /қырғыз/  
«Кішкентай күйші».
38. 26 окт. М.Мағауин «Жындыбас».
39. 2 ноябрь. Н.Фазылов /өзбек/ «Кеңшілік».
40. 9 ноябрь. Ги Пурэвшурек /монғол/ «Кек».
41. 16 ноябрь. М.Байғұтов «Бір дорба диплом».
42. 23 ноябрь. «Әрқашан күн сөнбесін» Б.Үсейнова.
43. 30 ноябр. Ж.Шаштайұлы «Үзілмеген үн».
44. 7 декабрь. С.Шәймерденов «Тау алыстан көрінеді».
45. 14 декабрь. К.Сегізбаев «Жылыбұлақты жайлаған жазда».
46. 21 декабрь. Т.Тоқбергенов «Күш атасы».
47. 28 декабрь. М.Абдрахманов «Бір ауыз сөз».

## **«Қазақ әдебиеті» газеті редакциясының хат пайдалану барысы (1984)**

Республиканың барлық облыс, аудан, ауыл-селоларынан редакцияға күн сайын хаттар келіп жатады. Хаттардың көпшілігі Шымкент, Қызылорда, Семей, Жамбыл, Гурьев облыстарынан келеді. Өткен 1984 жыл көлемінде төмендегідей хаттар келді.

Проза – 141

Поэзия – 553

Сын – 408

Ғылым – 336

Өнер – 385

Очерк – 293

Сатира – 708

Хат-хабар – 661

Барлығы 3 мың 442 хат. Оның ішінде бөлімдер бойынша пайдаланғаны мынадай:

Проза – 87

Поэзия – 162

Сын – 241

Ғылым – 152

Өнер – 180

Очерк – 90

Сатира – 179

Хат-хабар – 359

Барлығы бір мың 349 хат пайдаланды. Қалғандарына жауап қайтарылды, немесе кезек күтіп тұрғандары да бар. Мысалы прозада 18., ғылымда – 35, өнерде – 39, сатирада – 87.

«Зәру мәселе» рубрикасымен газетте жарияланған материалдарға тиісті орындарға қатынастар жазылып, (20) жауаптары «ҚӘ» дабылынан кейін рубрикасымен газетте басылып отырылды. Мысалы: «Сұрауы бар су еді», «Оқулық өмір талабы» (ІҮ-Ү-ҮІ кластардың қазақ тіліндегі әдебиет оқулықтары туралы), «Жақсы іс жалғасын тапты ма?» (мектептерде араб тілін оқыту мәселелері жөнінде), «Алтынсарин көшесі», «Үйірілген тәтті қымыз» т.б.

**Хат-хабар бөлімі**

## Асыл азамат

Еліміздің атақты қайраткері Тұрар Рысқұловты осы күндері өзге шаруашылық өкілдері түгіл оның еңбегі сіңген, өзі тікелей ат салысқан, күш жұмсап, тер төккен теміржолшылар да біле бермейді.

СССР-дің құрылуына 60 жылдығына орай өткен-кеткенді ойға алсақ осы, Рысқұлов жайы әжептеуір толғантады. Бүгінгі ұрпақ тарапынан оған деген енжарлық қатыгездікке жатпас па екен деген қытымыр сауал тұрады көкейде.

Коммунистік партияның кеменгерлік басшылығымен бір кезде қырғыз-қайсақ аталып, мешеу қалған өлкеміз аз-ақ жыл ішінде гүлденіп шыға келді. Сондықтан, біздің қазіргі бақытты өміріміздің бастауында тұрған, оның негізін қаласқан асыл азаматтарды неге тұғып көтермейміз? Рас Рысқұловтың нәмі кейбір аудан, қалалардың көшелеріне, мектептеріне еге болыпты. Біздіңше ол жеткіліксіз.

Ілгеріде, студент кезім. Ленинградта оқып жүргем. Бір жолы Фонтанка бойындағы Салтыков-Шедрин атындағы көпшілік кітапханасында 1917 жылдан бұрын шығып тұратын «Вестник Воспитания» журналы кездейсоқ қолыма түсті. Ескі әріппен басылған журнал беттерін түрткілеп, оқып отырып, бір мақалаға еріксіз шұқшия кеттім. Әлгіні оқи келе зығырданым қайнамасы бар ма?!

Албырт жас шағым ғой, орнымнан қарғып тұрып сол беті ашылған күйі журналды апарып кітапханашы әйелдің алдына тостым. Реңім бұзылып кетсе керек, жас келіншек бетіме аңтарыла қарады.

- Оқыңыз, тап осы жерін оқыңызшы. – Кітапханашы күбірлеп оқи бастады. Ресейдің Европалық бөлігін жаппай сауаттандыру қолға алынса 120 жыл керек, Кавказ бен Сибирь халықтары 430 жыл ішінде оқи, жаза білер, ал Түркстан өлкесіндегі елдің сауатын ашу үшін 4600 жыл қажет... Осы жерге келгенде әйел бетіме қарап күмілжи берді. Оның өзі сөйтіп жазғандай-ақ боп қысылды.

- Расында да солай деп жазылыпты – дей берді.

Менің көз алдыма сүйікті Қазақстаным келді. Жай ғана емес кең байтақ жері, бақытты елі, небір алып адымды өндіріс орындар көз алдымнан өте берді.

4600 жыл дейді. Ол табаны күректей қырық алты ғасыр. Адам ғұмыры түгіл, қиялы жетер ықылым емес қой.

Болашақ кәсібім болған соң шығар сол жолы Қазақстанның өсу

жолын Турксиб теміржолы арқылы таразылап ем. Оның мыңдаған разъездерін бірінен соң екіншісін басып өткендей боп ем.

Турксиб «тауды тіліп, тасты бұзып» соғылды. Ол жапан тұз, есілген құм үстімен өтті. Теміржол соғушылар большевиктік партияның кемел ұйымдастыруының арқасында аса табандылық көрсетіп, бүткіл әлемге ерлік ісін паш етті. Бір жарым мың километрлік жол мерзімді уағынан бір жыл бұрын, нәйеті үш жыл, тоғыз ай ішінде бітті.

Сол аз уақыт ішінде құрылысшылар жолдың жер төсегін үйіп, шпалдарын жатқызып, рельстерін жалғап қана қойған жоқ. Өзен-су, сай-салаға көпір салды. Қар тоқтататын, есілген құмды тежейтін тосқауылдар жасады. Ол ол ма, сол жылдары көптеген елді мекен, разъезд, станциялар тұрғызылды. Жана аудан орталықтары мен әсем қалалардың іргесі қаланды. Сөйтіп халық жаппай социалистік тұрмысқа бет бұрды. Бұл айдан анық шындық.

Демек, Турксибтің революциялық қарқынмен өткен ерен құрылысы «46 ғасыр» деген нәсілшілдік теорияны мүлдем жоққа шығарды.

«Бұл жетістіктерде орасан зор тартымды күш бар, оны біздің шынайы достарымыз ғана емес, сондай-ақ шет елдердегі ең тоңмойын деген қарсыластарымыздың өздері де атап көрсетуге мәжбүр – деді Д.А.Қонаев жолдас үстіміздегі жылдың февраль айында «Литературная газетаның» сұрақтарына берген жауабында.

- Қазақстан бүкіл ұлы советтер елімен бірге ең ұшқыр ойдың өзі болжай алмайтындай биікке самғады».

Ия, жоғарыда айтылған ірі самғау Октябрь революциясынан басталды, одан кейінгі тарихи жылдар ішінде күш алды. Турксиб солардың бірі еді. Ол Шығыс Түркстанның өндіргіш күші болды. Мұнда социалистік қоғамның тез бел алуына үлкен себін тигізді. Ол бұл аралыққа ғана емес Сибирь мен Орта Азия бойына қан жүгірткен күре тамыр іспетті деген теңеу жарты ғасырдан бері айтылып келе жатыр.

Сөйткен Турксиб қалай соғылды?

ВКП/б/нің Орталық Комитеті 1926 жылы ноябрьде қаулы шығарған. «... Признать первоочередным из всех работ общественного значения постройку Семиреченской железной дороги, соединяющей Сибирь и Среднюю Азию и электрической станции на Днепре /Днепрогэс/...».

Сөйтіп 1927 жылы РСФСР Халық Комиссарлар советі, /ол кезде

СССР әлі РСФСР деп аталатын еді/ жанынан Жетісу теміржолын салуға көмектесу комитеті құрылады. Оны басқару үшін сол кездегі РСФСР Халық Комиссарлар Советі Председателінің орынбасары Р.Рысқұлов бекітілді.

Рысқұлов іске бірден кіріседі.

Осы күнге дейін Турксибте соғысқан көне **кариелер** оның қажымас қайрат иесі екендігін, лениндік рухтағы адал большевик болғандығын айтады. Сондықтан да Совет Үкіметі мен коммунистік партиямыз оған аса күрделі дәуір құрылысын тапсырғанға ұқсайды.

Рысқұлов теміржол құрылысымен қатар техникалық оқу білімнен құралақан қалған өлкенің кадрларын даярлауды негізгі мақсат тұтқан. Сөйтіп ол Турксибті жұмысшы табының үлкен мектебіне айналдырды. Әсіресе қазақ теміржолшыларын сомдап, әрі көптеп өсірген көрік жасады десе дегендей.

Оған мына цифрлар дәлел. Егер 1927 жылы бүткіл Қазақстан бойынша 16 мыңнан астам теміржолшының сомдап, әрі көптеп өсірген көрік жасады десе дегендей.

Оған мына цифрлер дәлел. Егер 1927 жылы бүткіл Қазақстан бойынша 16 мыңнан астам теміржолшының 7,7 проценті ғана жергілікті халықтан болса, 1934 жылы 56,6 мың теміржолшының 18 мыңынан астамы, яғни 32 проценті қазақтар болды.

Рысқұловтың бір есепті баяндамасында жол құрылысы үшін сырттан шақырылған қол күші 5,7 миллион сомға қымбатқа түсетіні айтыла келіп, жол салуға төңіректегі қазақ, қырғыз ауылдарының ер азаматын жұмысқа тартуды айтады. Бұл салада РСФСР Халық Комиссарлар Советінің, РСФСР Еңбек жөніндегі Халкомының, Қазақстан, Қырғызстан республикалық партия, Совет органдарының қаулылары шыққан. Партиямыздың мұндай лениндік демографиялық ұлттық саясатының түп мақсаты көшпенділерді отырықшылыққа айналдыру, әрі жұмыссыздықты жою болды.

Муслимхан был обут в кирзовые сапоги, на нем было черное пальто и ушанка на голове. Уже наступила весна, а он был одет так тепло. Я еще помолчал, хотел пошутить над ним, но вспомнил, что не так давно Муслимхан потерял отца и желание шутить пропало.

-Здравствуй, Муслимхан!

Он повернул лицо ко мне, а глаза смотрели на небо.

О, это ты, Барсхан, братишка! – воскликнул он и протянул ко мне руки. Здороваясь, он похлопал меня по спине.

-О, Барсхан, братишка мой! – снова повторил он, улыбаясь.

-Разреши мне выразить сочувствие твоему горю, - сказал я. Улыбка пропала. Он вдруг заплакал, словно я только что сообщил ему горькую весть. Он стоял и плакал с открытыми глазами. Было больно смотреть на него.

- В сырую землю опустили отца, - сказал он, - Пусть земля ему будет пухом! Вот и встретились они с мамой. Он в последнее время часто вспоминал маму и она снилась ему каждую ночь. Оказывается, звала к себе и он не задержался надолго. Теперь они вместе пасут овец аллаха на небесных лугах.

На остановку стали сходитья люди. Это были женщины в белых жаулыках и старики в лисьих шапках.

- Ох, эти колхозные дороги! – восклицали они в сердцах, спотыкаясь об арык, а потом уже попадали под наше приветствие.

-О Муслимхан! Айналайын! Пусть те дни, что не дожил твой отец, аллах прибавит к твоей жизни.

- Это что за парень? Эй, да не Барсхан ли ты? Мать решил проведать, джигит! То-то радости ей, айналайн! Возвращаешься уже? Где бы не жили, лишь бы здоровы были. Счастья вам! Хороших людей встретить на вашем пути! – сыпались пожелания.

Подошел маленький желтый автобус. Произошла обычная при посадке суэта и мы поехали. Дорога петляла по склонам гор и мы не заметили, как подъехали к Боранды. Мои попутчики схватили свои мешки и сумки и поспешили на базар, даже не попрощавшись. Или они забыли обо мне, охваченные покупательским азартом? Или решили, что мы дети своего аула и еще, пожалуй, увидимся?

Мы с Муслимханом пересели на автобус, который шел в Куншуак. До самого города мы с ним попутчики, потом дороги расходятся: он едет в Шуылдак, а я в Алма-Ату. Этот автобус большой и комфортабельный, не такой, на котором мы ехали из аула. Кресла удобные, мягкие, с откидными спинками.

Мы сели рядом. Муслимхан поставил палку к самому окну, но потом прижал к боку, словно ее могли украсть. Что он так боится, подумал я, словно трость у него золотая с бриллиантами и рубинами? Обыкновенная вишневая палка.

Автобус поехал по улицам Боранды и вышел на трассу Ташкент – Алма-Ата. Тут он показал, на что способен. Дорогая, как шелковая, только шелестела под колесами да ровно и сильно ревел могучий двигатель. Прогрохотали по мосту через реку Терс. Медленно стал удаляться Каратау. Зато справа тянулись высокие пики Алатау.

- Наш Айнабулак еще виден? – спросил Муслимхан и потер рукавом окошко, что было мне не совсем понятно.

- Виден.

- У самого Аксая притулился.

- Скорее, как две дороги, выбегающие из ущелья, - сказал я, - Две улицы видны.

- Далеко, наверное?

- Далековато. Домов не видать. Сады темнеют да рощины. Он нахмурился, словно это известие опечалило его. Уголки рта опустились. Открытые глаза неподвижны. Правой рукой он погладил свою палочку, повернул лицо ко мне.

- Нет ли туч на горах?

- Туч нет. Сегодня солнечный день, ясный и горы чисты. Муслимхан снова заулыбался.

- Ултай мне говорила, что нет гор выше, чем наши. Ясные...

- Кто это, Ултай?

Он снова нахмурился, замкнулся, горькая складка легла у рта.

- Она была моей женой, - сказал он.

- То есть, как была? Где же она сейчас?

Он стиснул палку так, что пальцы побелели. Словно хотел ударить, сокрушить кого-то.

-Ты не смеешься,- сказал он, - Ты приезжаешь в аул раз в году, и то переночуешь у матери и сразу уезжаешь. Откуда тебе знать все аульные новости?.. Я женился, когда работал в Шуылдаке. Какая, думаешь, работа? А что мы можем? Работа была артельная. Шкурки для ботинок делали, да пробки для шампанского. Нужная, однако, людям мелочь. Не дармоедами были, во всяком случае. И хлеб свой ели, не краснея. Ултай тоже работала там. Решили мы с ней не разлучаться, взялись за руки и приехали в аул, чтобы отец благословил нас. Отец очень обрадовался, устроил настоящий той, но обратно в Шуылдак он нас уже не отпустил.

-Когда тебя нет дома, то и не могу спокойно спать. Будь со мной, сынок. До самого последнего часа, до последнего дыхания я постараюсь быть твоими глазами. В мутный омут ты падаешь в моих снах и я просыпаюсь от страха за тебя. Останься, - просил он, - Может, аллах даст мне радость, внучонка поцеловать.

Отец относился к Ултай лучше, чем к родной дочери. Через пять-шесть месяцев Ултай почувствовала, что станет матерью. Но все напрасно... А отец-то все сам делал по дому, чтобы уберечь сноху от какой-нибудь беды.

И вот однажды... Да что говорить, Барсхан, братишка мой, ах какое безумие! Ты же знаешь Молдабека. До седых волос не бросит своих подлых выходок! Видел ли ты его последнее время? На козла стал похож. Это люди говорят. Откуда мне знать?

Однажды... Я возвращался из сая, где накопил охалку клевера для дойной кобылицы и вдруг услышал слабеющий женский голос, прерывистый, покорный:

- Отпустите меня! Что это с вами?

- «Я пыр-ау! Неужели это Ултай?»

Я остановился, как вкопанный.

- Ты такая красивая, нежная, белая, - говорил кто-то, -Как ты целуешь слепого, к тому же, рябого?

«Молдабек!» - тут же узнал я.

-О нечестивый! Грязный пес! – закричал я, бросаясь вперед, - Стой, Молдабек!

Они разбежались в разные стороны. А я только нашел место, где они миловались. И тут я снова услышал издевательский голос Молдабека, который пропел мне издали:

Любимой письмо написал мой калам:  
Под сердцем ты носишь дитя, Ултай-джан.  
Пусть парнем растет, не жалея молока.  
А время придет, он найдет отца.  
Родного отца, не рябого слепца!

Земля качнулась по ногами. Я с силой швырнул железную палку на ненавистный голос. Не попал... Молдабек запел уже за моей спиной:

Если сердце горит, шатайся.  
Если сверху горишь, валяйся...

Он замолчал, словно слушал что-то далекое. Молчал. Я внимательно присмотрелся к нему и увидел седину на висках. Оспинки, казалось, стали глубже. Глаза хотели пронзить ненавистную черную пелену.

-Что ты смотришь? Или я так изменился, что и узнать трудно? – резко спросил он.

-Как ты увидел? – растерялся я.

-По дыханию узнал, - спокойно пояснил он.

- А что было дальше?

- Что могло быть? В детстве отец водил меня за руку, чтобы я не упал в арык или в яму. Когда я в горячке выгнал жену, он сказал:

- Муслимхан, не думаешь ли ты, что я вечен? Кто будет водить тебя когда я умру? А человек, на плечо которого ты бы опирался, ушел вместе с невесткой. Найди ее верни домой.

- Нет! Если надо, пусть приходит сама, - сказал я тогда.

Мне никогда не приходило в голову, что отец может ударить меня. Что-то больно треснуло меня по щеке. Я вскочил с места, как ужаленный.

- Не пойду! Убей, не пойду! – упрямо повторял я. Ожидая нового удара, я стоял сбывчившись. Он не бил меня больше. Эх, Барсхан, теперь отца не вернешь, даже если кричать ночи напролет и дни. Не найдешь его с самым ярким факелом ни в каком краю земли. Вот этой палкой он побил меня и мне он дорога... Буду искать Ултай в Шуылдыке. Если там не найду, то поеду к ее родственникам в Куркуреу. А может, она совсем уехала из этих мест. Но я буду искать ее...

Приехали в Куншуак. Я стал прощаться с Муслимханом.

- Счастливого пути тебе, Барсхан. Дай нам бог увидеться

живыми на этой земле, - он смотрел прямо на солнце, прижимая палку, и гладил мою руку.

И вот, он уже уходит, постукивая вишневой палочкой, высоко поднимая ноги, словно боясь их замочить. Он слегка вытянул вперед и левую руку. Раньше за эту руку его водил отец. Рука привыкла находить опору и с этой стороны. Или он ловил солнечные лучи? Или рука сама верит, что опора, в конце концов, найдется?

## **Проза хәлі хақында**

### **Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының секретары Шерхан Мұртазаевтың баяндамасы**

Құрметті жолдастар!

Екі съезд аралығындағы қазақ прозасы бұған дейінгі дәстүрлерді жалғастыра, дамыта түсті. Бұл кезең прозасында да қазіргі заман, Ұлы Отан соғысы мен тыл, тарихи-революциялық және тарихи тақырыптар өз көрінісін тапқан. Бүгінгі өндіріс тынысы, ауыл-село проблемалары, моральдік-этикалық қарым-қатынастың әралуан аспектілері, жастарымыздың өсу, қалыптасу мәселелері – міне, соңғы жылдары жарық көрген роман, повесть, әңгімелердің тақырып өрісі осындай. Дәлірек айтқанымызда, елуден астам роман, екі жүздей повесть, жүзге тарта әңгіме жинақтары жарық көріпті.

Сен жағынан келгенде аз емес, ал сапа тұрғысынан келсек, сөз етерлік, ортаға саларлық жайлар жеткілікті. Енді ҮІІ-ҮІІІ съезд аралығындағы жаңа туындыларға көз жүгіртсек, көбіне ортақ мынандай ерекшеліктерді байқар едік. Олар – замандас тұлғасын, замандастың азаматтық белсенді позициясын жырлау, рухани дүниесіне баса назар аудару, сондай-ақ жеке индивидуум мен коллективтің, тарихи тұлға мен қоғамның өзекті байланыстары, биік парасат, жоғары адамгершілік пен эгоистік, мешқандық, тоғышарлық проблемалары ар-ождан критерийлерімен сабақтастырыла көтеріледі. Мұның бәрі де көркем әдебиеттің ежелден бергі тақырыптары болып келгенмен, аталған мәселелерге қазақ прозасы әсіресе, соңғы жылдары айрықша көңіл бөліп отыр. Бұл кенжелеп дамыған прозамыздың соңғы жылдары, 70-80 жылдар ішінде күрт өскендігінің айғағы. Бүгінгі таңда да қаламгерлеріміздің назарындағы басты

тақырып – адамның ішкі жандүниесі, оның бойындағы әлеуметтік-психологиялық құбылыстар өзгерістерінің диалектикасы. Қаламгерлеріміздің көркем шығармалары осы айтқанымызға нақты дәлел бола алады.

Ғабит Мүсіреповтің «Ұлпан стансасы», «Атақты әнші Майра» әңгімелері мен Әбдіжәміл Нұрпейісовтің «Сең» (тауарлар). Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» (екінші кітап), Ілияс Есенберлиннің «Алтын орда» (бірінші кітап), Әбіш Кекілбаевтың «Үркер», Қалихан Ысқақовтың «Қара орман», Қабдеш Жұмаділовтің «Соңғы көш» (екінші кітап) әдеби басылымдарда жарияланса, Тәкен Әлімқұловтың «ел мен жер», Сафуан Шәймерденовтің «Мәжнұнтал», Әкім Таразидың «Тасжарған», Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» (екінші кітап), Оразбек Сәрсенбаевтің «Жиде гүлдегенде», Сейдахмет Бердіқұловтың «Аспаннан шұға жауған күн», «Үшінші подъезд», Есенжол Домбаевтың «Жаман Жәутік», Қалаубек Тұрсынқұловтың «Есінде ме, сол көктем», Мұхтар Мағауиннің «Бір атаның балалары», Жүмекен Нәжмеденовтің «Даңқ пен дақпырт», Марал Сқақбаевтың «Ұят туралы аңыз», Орадхан Бөкеевтің «Ән салады шағылдар», Қалдарбек Найманбаевтың «Беймезгіл қонақ», Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір өкініш, бір үміт», Дулат Исабековтің «Қарғын» және тағы басқалардың туындылары кітап болып жарық көрді. Аталған шығармалар өздерінің көтерген тақырыптарының әралуандығымен, творчестволық-көркемдік ізденістерінің көп қырлылығымен назар аударады.

Жолдастар!

Екі съезд аралығындағы көзге түсер елеулі құбылыс қатарына – орта буын прозашыларымыздың қазіргі заман тынысын бейнелеп бүгінгі күн тақырыбына ден қоюын, сонымен бірге өздерінің профессионалдық шеберлігін жетілдіруге салиқалы, ойлы, тұщымды дүниелер беруге ұмтылуын жатқызар едік.

Мәселен, жетпісінші жылдардың жотасына жейін өндіріс тақырыбы, цех өмірі, инженер-техниктердің, жұмысшылардың бейнесі жазушы қаламына тиіп-қашып ілініп келгені даусыз. «Өндірістік тақырыптың» Қазақстан үшін өз ерекшелігі, заңдылығы бар. Қазақстан индустриялы аймақ. Ғылыми-техникалық революция проблемалары, қарыштап дамыған өндіріс тынысы тек республика ғана емес, бүкілодақтық қазіргі өнеркәсіптік тіршілік-тыныстың басты көрсеткіші. Жамбыл-Қаратау, Екібастұз-Павлодар. Маңғышылақ территориялық-өндіріс комплекстерінің өзі не тұрады?

Жұмысшы тақырыбы республика өнеркәсібінің, өндірістік қуаттарының даму қарқынымен біртіндеп сатылап өсіп келе жатқандай. Ендігі мақсат, қарышты қадамға қаламгерлеріміздің ілесуінде емес, мүмкіндігінше тең басып, озуында болып отыр. Бұрынғы туындыларымызда өндіріс негізінен тап тартысы немесе жаңа технологияны насихаттау тұрғысында шешілетін еді. Қазір бірте-бірте көркемдік басты нәрсе – сол өндірістің тетік-тұтқасын ұстаған адамдардың жан-дүниесін, психологиясын көркемдік таразысына салып талдау екендігі. Шығарманың көркемдік шешімі мен ізденістерінің осы төңіректен ат ізін салатыны, өріс табатындығы анықталып отыр. Мысалы, Ілияс Есенберлиннің «Маңқыстау майданы», Ахат Жақсыбаевтың «Бөгет», Медеу Сәрсекеевтің «Жаңғырық», және тағы басқалардың туындылары өндірістік тақырыптағы жетістігімізді де, кемшіліктерімізді де аңғартатын тәрізді.

Өткен жылы Әкім Тарази «Тасжарған» атты дилогиясын аяқтады. Қилы-қилы тартыстар, қызық характерлер қақтығысы шығарма тынысын кеңейте түскен. Кейіпкерлерінің бет-бейнесі айқын, мінез-құлқы бедерлі. Типтік сипаты басым, дара тұлғалар. Қапысыз суреттелген эпизодтар, баламалар, өткір де оралымды диалог, психологиялық арпалысқа құрылған шын мәніндегі көркем полотно ажарын танытады.

Қазіргі ауыл мен село проблемаларын көтеретінбіраз романдар мен повестер бар. Дүкенбай Досжановтың «Дария», «Табалдырығыңа табын», Тұтқабай Иманбековтің «Үлкен үй», Бек Тоғысбаевтың «Бос жорға», Мағзом Сүндетовтің «Қызыл ай», ЖАйсаңбек Молдағалиевтің «Ескі дос», Шәрбану Құмарованың «Қызыл қайың», Кәрібай Ахметбековтің «алқакөл» - романдары, Кәрім Баялиевтің «Мейірім», Қарауылбек Қазиевтің «Иманжапырақ», Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Тұнық су» және тағы басқалардың көптеген туындыларын айтуымызға болар еді.

Д.Досжанов жоғарыда аталған романдары – бір-бірінің жалғасы. Сыр, Қаратау өңірінің ауыл еңбеккерлерінің алуан мінездің адамдарын бейнелеген. Жазушының романдарын өзіне тән жазу мәнері, болмысқа өзіндік көзқарас ерекшелейді. Сондай жетістіктері бола тұра, бұл романдар өмірлік материалды сұрыптаудағы талғамсыздықтан, жергілікті говорларды шектен тыс көп қолданудан ақсап жатады. Мағзом Сүндетовтің «Қызыл ай» романы талантты қолдан шыққанымен, әлі де кейбір үлкен мін болардық

кемшіліктерден құралақан емес. Характерлердің, тартыстың жоталы құрылмағандығы романның көркемдік-әлеуметтік салмағына елеулі нұқсан келтірген.

Жолдастар!

Әйтсе де, романның жанр ретіндегі ерекшелігін, осы іргелі жанрдың өзіндік талаптары мен тынысын ескерсек, жалпы қазіргі кейбір романдарда кездесетін ортақ бір жайды атағанымыз жөн. Мәселен, қазіргі көптеген туындыларымызға роман деп айдар таққанымызбен, оларымыз шын мәнінде жанр талабына толық жауап бере алмай жатады. «Роман – это целый дворец» - деген Антон Чехов пікірінің терең мәні бар. Біздердің көбіміз осыны ескере бермейміз. Бәріміз бірдей дәлізі бар қоржын үй тұрғыза алғанымызбен, мұнарасы, күмбезі, саяжайы мол сарай сала алмайтынымызды ұмыта беретініміз ең алдымен өзімізге, қала берді әдебиетімізге, оқырмандарымызға қиянат. Кейбір авторлар романды «семіздіктен үйелеген повесть» немесе көгенделген оқиға-хикаялардың тізбесі деп жадағай түсінетін тәрізді. Соңғы бірер жылда әдеби сынның талқысына түскен Амантай Байтанаевтың «Таң сәріде», Жұмабек Еділбаевтың «Түркістан», «Буырқанған бұлақтар», Әмин Әзиевтің «Жез таулар» романдары жанр тазалығын, талаптарын ескермеген. Осы тұрғыдан келгенде бұлардың бәрі де сын көтермейтін туындылар.

Сафуан Шәймерденовтің «Ашу», Әбіш Кекілбаевтың «Автомобиль», Марал Сқақбаевтың «Ғажайып бала», Оралхан Бөкеевтің «Құм мінезі», Бексұлтан Нұржекеевтің «Бір ғана махаббат», Оразбек Сәрсенбаевтың «Жақсының көзі», Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» атты повестері мен әңгімелері өздерінің бітім-болмысымен оқырмандардың да, әдеби сынның да оң бағасын алған туындылар. Өйткені, осы қаламгерлер өздері көтеріп отырған тақырыптың тосын қырын тауып, әдеби схематизмнің, штамптың табы түспеген тың образдар ұсынады. Бұлардың қай-қайсысы болмасын повесть-әңгіме жанрларының мүмкіндігін шебер меңгергендіктен тәуір туындылар беріп отыр деуімізге болады.

Екі съезд аралығындағы прозамыздың елеулі табыстарының бірі – кешегі Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарын қайта тірілткен Тахауи Ахтановтың «Шырағың сөнбесін» атты романы. Бұл туындының бірінші кітабы оқушылар қолына 1973 жылы тисе, екінші кітабы араға жеті жыл салып 1980 жылы «Жұлдыз» журналында

жарияланды. Соғыс туралы, тылдағы еңбек пен тіршілік жайлы бізде аз жазылған жоқ. Бұл орайда Әзілхан Нұршайықовтың, Сәуірбек Бақбергеновтың, Өтебай Қанахиннің әскери повестерін және тағы басқа көптеген туындыларды айтуға болады.

Соғыс туралы шығармалардың көбінде жойқын шабуыл, алапат шайқас сценаларына көбірек орын беріліп, жауынгерлердің жан-дүниесі, адамгершілік тұлғасы үстірттеу бейнелейтін. Ұлы Отан соғысы тақырыбына қайта оралып соғу, қазіргі дүниетаным мен талғам биігінен қалам тарту одақтық прозамызда да, бізде де байқалып отыр. А.Чайковский, И.Стаднюк, В.Быков, Ю.Бондарев туындылары кеңінен танымал. «Шырағың сөнбесін» романы да осындай сипаттағы шығарма.

Жолдастар!

Екі съезд аралығындағы прозамызда тарихи-революциялық тақырыпқа екі дилогия, тоғыз роман, он шақты повесть жазылыпты. Бұлардың кейбірін атай кетсек: Хажымұрат Рахимовтың «Сеңгір сырлары» дилогиясы, Бекежан Тілегеновтің «Аққайнар», «Уақыт», Ғалым Ахметовтың «Жорық жылдары», Есенжол Домбаевтың «Жаман Жәутік», Софы Сматаевтың «Ақжелең», Оспаналы Иманалиевтің «Байқадам» романдары және тағы басқалар.

Революцияның республикамыздың әр түкпіріне жетуі, орнауы, әкелген өзгерістері, нығаюы бұл шығармаларда өзінше көрініс тапқан, мұны әрбір қаламгер хал-қадарынша шешкен.

Жоғарыда аты аталған романдардың біршама жетістіктеріне қоса кейбір ортақ кемшіліктері ретінде баяндаудағы бірсарындылықты, өмірлік материалдар мен кейбір нақты деректерді тізбелеп кетушілікті айтар едік, барша болмысқа терең үңілу аз.

Қазіргі интеллигенцияның әралуан өкілдерінің тұлғасын көрсететін туындылар қатарында Рамазан Тоқтаровтың «Жердің үлгісі», Жүмекен Нәжімеденовтің «Даңқ пен дақпырт», Өтебай Қанахиннің «Күдірет» романдарын, Сафуан Шайменденовтың «Мәжнұнтал», Мұхтар Мауғауиннің «Көкбалық» повестерін атауға болады. Кейбір кемшіліктеріне қарамастан, бұл туындылар әдеби сынның лайықты бағасын алған шығармалар.

Ал, Сәбит Досанов «Тау жолы», Советхан Ғаббасовтың «Серпер» романдары – көркемдігі солғын, нәрсіз туындылар.

«Тау жолының» толып жатқан кейіпкерлері жанды суреттен **нейбет** қалған, барлық кейіпкерлері оқтау жұтқандай, қатырма образдар. Тіл жұтаң, суреткерлік қауқар жоқ. Бәрі штамп, стандарт

болған соң, оқырманға обал-ақ.

С.Ғаббасовтың «Серпер» романы керексіз эпизодтардың жиынтығы, мейлінше шұбалаңқы, көркемдік тілден мүлде ақсап жатады. Басты кейіпкер – Асанның өмірі романның өнбойында студенттік шағынан медицина ғылымының докторы болғанға дейін сыдырта баяндалады.

Ал, енді осы авторлар өз туған республикасы оқырмандарының ризалығына ие болмай жатып, кітаптарын жеделдете орысшаға, аудартып, оның өзін Москвадан шығартуға қарадауыл әрекет жасайды. Кейде бұл әрекеттері іске асып та жатады. Сонда бұл авторлар, оларға бүйрегі бұрып, қолдап жіберетін жолдастар орыс тілі арқылы Одақ оқырмандары, осы кітаптарға қарап, қазақ әдебиеті туралы пікір қалыптастыратынын ойлай ма екен? Ең қиыны осы, жолдастар!

Өткен бес жыл прозасына зер салсақ, тарихи-революциялық, тарихи таөырыптардағы роман, повестер, әңгімелердің бұрынғысынша көп болмағанымен, бірсыпыра жазылғанын аңғару қиын емес.

Алпысыншы жылдар тарихи романдарының көпшілігі ел аузындағы хикаяларға, хандар мен батырлардың, билердің «басынан кешкен» жайларына негізделген де рас еді. Әрине, осының бәрі де тарихи роман жанрының дамуы жолында белгілі дәрежеде өз міндетін атқарғанмен, көркемдік кемшіліктің де басты көзі болғанын да жасыра алмаймыз. Мұның әділ бағасы Қазақстан Компартиясының ХҮ съезіндегі Есепті баяндамада: «Кейбір әдебиетшілер, ал олардың ізінше кинематографистер де әлі де болса ежелгі Жібек жолымен керуен көшіріп, жаушы шапқылатумен келеді, сөйтіп бұл жол біздің космостық ғасырымызда, тіпті баяғыда-ақ, Турксиб заманынан бермен қарай, қаулаған прогресс магистраліне айналғанын байқамай жүр», - деп берілді.

Соңғы жылдар прозасында тарихи-революциялық және тарихи тақырыптарға философиялық таныммен, кемелденген социалистік қоғамның биік көзқарасы, талабы тұрғысынан байыпты, байсалды, терең үңілу, шығармаларына арқау еткен өмір шындығын азаматтық жоғары парыз мүддесін көздейтін абзал қасиеттер тұрғысынан қастерлей зерделеуге ден қоюшылық аңғарылады. Бұл орайда Ғ.Мүсіреповтің «Ұлпан» романы (өңдеп, толықтырылған), С.Жүнісовтің «Ақан сері» (екінші кітап), Ә.Кекілбаевтың «Үркер» (бірінші кітабы), Қ.Жұмаділовтың «Соңғы көш» (екінші кітап), Әди

Шәріповтың «Сахара қызы», Қоғабай Сәрсекеевтің «Қызыл жалау», Софы Сматаевтың «Елім-ай» дилогиясы, романдары тарихи тақырыпты сәтті толғаған туындылар. Жазушы Сәкен Жүнісовтің «Ақан сері» романының бірінші кітабы 1971-ші екінші кітабы 1977-ші жылы жарық көрген. Сәкен өз тақырыбын тапқан, соны өзінше меңгере білетін қаламгер. Ақан сері тәрізді хас таланттың трагедиясын нанымды әрі көркем суреттейді. Әбіш Кекілбаевтың «Үркер» атты романын (бірінші кітап) екі съезд аралығында елеулі табысымызға жатқызуымызға әбден болады. Әбіш тілге бай, ойға ұшқыр. Образдарының бітім-болмысы дара әрі нақты. Олардың болмысына философиялық тұжырым беруде Әбіш кәнігі тарихи романистің үлкен шеберлігін танытқан.

Алайда, бұлардың кейбірі әлі аяқталмаған, ал кейбірі таяуда біткен. Сондықтан да бұлар алдағы уақытта оқырмандар мен сыншылардан тиісті бағаларын әлі де айқын, толымды алатынына күмәніміз жоқ. Біздікі журналдық нұсқадағы шығармаларды оқудан алған әсерлер.

Жалпы, біздің ғылыми зерттеу мен әдеби сынның тарихи материал және оның көркем шығармада игерілуіне қатысты проблемаларды түбегейлі талдайтын, белгілі бір дәйекті тұжырым түйетін кезеңі әлдеқашан туды. Асықпаған арбамен қоян аладының көрі бұл жерде жүрмейтіндігін әдебиетші ғалымдарымыз, сыншыларымыз ескермейтін тәрізді.

Жолдастар!

Деректі прозаға, мемуарлық шығармаларға деген оқырмандар ықыласы қазіргі уақытта қатты өсіп отыр.

Әралуан информациялардың қыруарлығы оқушы қауымды дәлдікке, нақтылыққа құштар етеді. Содан болса керек, Әбділда Тәжібаевтың «Есімдегілер», «Хаттар сөйлегенде», Мұхамеджан Қаратаевтың «Көргенім мен көңілдегім», Ғафу Қайырбековтің «Желқайық», «Елтіңжал» атты туындылары осы жанрдың қазақ прозасындағы кейінгі кездердегі айқын, жүйелі көрінген көрінісі деп толық айта аламыз. Бұларда жанр ерекшеліктеріне орай жинақылық, нақтылық, көркемдік жинақтаушылық сәтті үйлесімін тапқан.

Өткен бес жыл прозасына зер салсақ, көптеген туындыларда ауыл-село мен қала тұрмысын сыртқы сипаттарына қарап емес, олардағы түбірлі өзгерістерді еске ала отырып, адамдардың іс-әрекеті, мінез-құлқы, ар-ожданы, жан-дүние құбылыстары арқылы көрсету аңғарылады. Бәрінен де бұрын кемелденген социалистік

қоғамның жасампаз, күрескер перзенттері – парасаты мол қарапайым замандастарымыздың ұнамды да күрделі рухани жан-дүниесін қалтарыссыз, нәзік те шыншыл, күнгейі мен көлеңкесін бүркемелемей, жылтыратпай, қаз-қалпында бүкпей жеткізу нышандары байқалады.

Өткен съезде алды үш-төрт, соңғы бірді-екілі жинақтары шығып, жас жазушылар қатарында аталған Оралхан Бөкеев, Дулат Исабеков, Марал Сқақбаев, Көрібай Ахметбеков, Бексұлтан Нұржекеев, Қажығали Мұхамбетқалиев, Төлен Әбдіков, Тынымбай Нұрмағамбетов, Ақселеу Сейдімбеков, Роллан Сейсенбаев, Қадірбек Сегізбаев, Әміртай Бәтиевтер жаңа шығармаларымен келіп отыр. Олардың кейбірі, айталық, О.Бөкеев «Өз отынды өшірме», Б.Нұржекеев «Бір өкініш, бір үміт», Д.Исабеков «Қарғын» атты тұңғыш романдарын ұсынып, оларды баспасөз бетінде, әдеби сында лайықты бағасын алды. Сол пікірлерге қосыла отырып, бұл авторлардың өз қолтаңбаларын даралап көрсетуде, стильдерін қалыптастыруда үнемі ізденіс үстінде келе жатқандығын байқаймыз және осыған қуанамыз.

Бұларға қоса Болат Бодаубаев, Кеңес Юсупов, Сейтқазы Досымов, Сайымжан Еркебаев, Еркінбай Әлімқұлов, Молдахмет Қаназов, Әлдихан Қалдыбаев, Баққожа Мұқаев, Смағұл Елубаев, Жақсылық Түменбаев, Рафаэль Ниязбеков, Марат Қабанбаев, Мұса Рахменбердиев, Алдан Смайылов, Сұлтанәлі Балғабаев, Құрманғазы Қараманұлы оқушы жұртшылықтың, әдеби сынның назарына ілінген повестер мен әңгімелер жинақтарының авторлары екендігін айтпай кетуге болмайды.

Әдебиетке саннан гөрі сапаның, жазғыштардан гөрі таланттардың зәру де абзал екендігі осы тұста да өзін-өзі нақты дәлелдейді. Көптеген «алғашқы», «тұңғыш» деген кітаптар көркемдік олқылықтардан әлі де күнде емес. Дегенмен, сол жинақтардың ішінде жазушылықты өнер тұтуға ұмтылатын, соған дайындықпен келген талапкер прозашылардың барлығы қуантады. Жас авторлар тақырып өрісінің тарлығынан, оның таяздығынан өлі де арыла алмай жүр. Сондықтан кейбір туындылардан инкубатордың балапандарындай ұқсас кейіпкерлерді көріп қаламыз. Біз олардың ең алдымен өздерінің творчестволық даралықтарын іздеуге, соны сақтауға, соны көрсетуге ұмтылуларын қалар да едік.

Жолдастар!

Екі съезд аралығында қазақ прозасының повесть, әңгіме жанры

өзінің ежелгі көркемдік сипатынан айныған жоқ. Ғ.Мүсірепов пен Т.Әлімқұловтан бастап әр буын өкілдерінің республика баспасөзі беттерінде көптеген повесть-әңгімелері жарық көрді, жинақтары шықты. Олардың бәрінің аттарын атау, түсін-түстеу шарт емес.

Дегенмен «Жалын» баспасынан шыққан «Жүздесу» атты таңдамалы әңгімелер жинағының шығуы, Москваның «Художественная литература» баспасынан «Когда уходят плеяды» атты қазақ повестерінің орыс тілінде шығуы – съезд аралығындағы табыстарымыздың қатарына жатады. Осындай таңдаулы топтамалардың жиі көрінуін құптауымыз керек.

Жолдастар!

Өткен бес жыл прозасына көз тастасақ жетістігіміз де, кемшілігіміз де бір алуан екен. Қаламгерлеріміз көркемдік жинақтауға, синтезге, кесек типологиялық қаһармандар психологиясын ашуға батыл бара бермейді. Қазіргі романның бүкіл бітімі ширақ әрекетке, психоанализге өткір драмаға толы болып келетіні шындық бола тұра, өкінішке орай, нағыз эпикалық полотнолар аз. Бұл жайында КПСС Орталық Комитеті Саяси Бюросының мүшесі, Қазақстан Орталық Комитетінің бірінші секретары Дінмұхамед Ахметұлы Қонаев жолдас Қазақстан Компартиясының ХҮ съезінде жасаған баяндамасына: «Өкінішке қарай, өзінің әсер, күші жөнінен бүкіл дүние жүзіне танымал болған Әуезов эпопеясына теңдесе аларлық шығарма бізде әзірше жоқ», - деп әділ сынаған еді. Бірқатар романдарымызға романдық ойлау жүйесі, эпикалық тыныс, ауқымдылық, өмір материалдарын сұрыптаудағы талғампаздық, көркемдік зерделілік жетпей жатады. Бұл кемшіліктердің көбі повесть, әңгіме жанрына да тікелей қатысты. Бір орайда тілі де көркем, образдары да, тартыстары да бар, характерлер қақтығыстары да тартымды, турасын айтсақ, талантты жазылған романдар, повестер, әңгімелер бар-ақ. Бірақ та солардың көбі қазіргі даму, өсу эволюциямызды философиялық кең тыныста қамти алмағандықтан, кейіпкерлерді типтендірудегі асығыстықтан, әлеуметтік-психологиялық қат-қабат жайлардың қыртыстарын терең қопара зерттемегендіктен, ондай туындылар өзіміз күткен биіктен көрінбей жататын тәрізді.

Осылардан барып жазушы стиліне қатысты ойлар, проблемалар туындайды. «Стиль» дегенді орынды, орынсыз көп айтамыз. Байыпты түрде ойлансақ, әдеби сынымыз стильдің күрделі де күрмеуі көп процестің жемісі екенін әлі де толық анықтап үлгермеді. Бір

өкініштісі, кейде тіпті стиль жоқ жерде, стиль туралы әңгіме қозғайтынымыз бар. Әсіресе, тарихи революциялық, тарихи шығармалар хақында осыны айтуға толық негіз бар. Тақырыптың бәрі күрделі, оның ішінде тарихи-революциялық және тарихи тақырып – аса күрделі. Оған жазушының уақыт пен тарихи сезімі, нақты өмірді және деректерді, документтерді зерттеу ерекшелігі, таңдау талғамы, суреткерлік концепциясы, өзіндік стилі қажет.

Өйткені, жазушы қаламына іліккен әрбір қоғамдық құбылыс. Әрбір оқиға әдебиетімізде жаңаша сипатта көрінуге тиісті. Хас қаламгер қай кезеңді, қай тақырыпты жазбасын ол әуелі өзінің суреткерлік дүние-танымын, өз стилін танытады. Мәселен, Ғ.Мүсіреповтің кейін толықтырған «Ұлпан» романы, «Атақты әнші Майра» әңгімелерін алайық. Екеуі де тарихи тақырып, қайсыбір тарихи фактілері де бұрыннан таныс. Соған қарамастан көркемдік шешім жаңалығы, стиль даралығы Ұлпан, Майра есімді мүлде жаңа кейіпкерлерді беріп отыр.

Әр дәуір, әр кезеңнің өз геройы бар. Олар уақыттың да, қоғамның да, органы да символы дерлік белгілерді табиғи болмысына әрі жарасымды, әрі мол жинайды. Мысалы, ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің Абай тек ақын ғана ма? Жоқ, керек десеңіз, Абай өз дәуірінің әлеуметтік-психологиялық құбылыстарын бойына сіңірген ұлы тұлға. Біз ол дәуір шындығын Абай арқылы бағалауға ден дағдыланып кеттік. Мұның ешқандай ерсілігі жоқ. Бертін келе «Ботакөздегі» - Ботакөз, «Қазақ солдаттындағы» - Қайрош, «Миллионердегі» - Жомарт, «Қан мен тердегі» - Еламандар және бар. Бұлардың бәрі де өздері өмір сүрген уақыттың бүкіл болмыс сипатын, қоғамның сол кездегі жағдайын, тынысын толық танытатын кесек кейіпкерлер. Осындай көркем полотналар еске түссе, мейлі ол тарихи тақырыпқа, мейлі ол қазіргі заман тақырыбына жазылсын, осындай бірегей қаһармандар неге жоқ, немесе неге тым аз деген сұрақ еріксіз туады.

Полифониялық ауқымдылықтың, бас кейіпкердің типтік, бірегей мінез-бітімдерінің, келісті характерлердің аздығы көңіл аландатады.

Жолдастар!

КПСС Орталық Комитетінің Бас секретары Леонид Ильич Брежнев жолдас партиямыздың XXVI съезінде жасаған Есепті баяндамасында: «Совет қоғамының рухани өмірі барған сайын сан-салалы әрі бай болып отырса, мұның өзі біздің мәдениет қайраткерлерінің, біздің әдебиет пен өнердің сіңірген даусыз зор

еңбегін», - деп атап көрсеткені, біздерді, совет жазушыларын зор мақтаныш сезімге бөлейді. Осылай бола тұра, қолда не барды айта отыра, неміз жоқ деп те өзді-өзімізге сын көзбен қарауға тиіспіз. Осы орайда біраз ойласарлық жайлар бар. Советтік шынайы характер мен мінез-құлықтың сапалы сипаттары мен қасиеттерін нағыз көркемдікпен бейнелейтін, кемелденген социализм тудырған тұлғаларды асқақ жырлайтын шығармаларға біз зәруміз. Мұндай туындылардың саусақпен санарлықтай аз екендігі жанға батады.

Республикамыз тың игерудің 25 жылдығын тойлай өтті. Бірді-екілі туындыларды айтпасақ, осы салада да бірде-бір сүбелі шығарманың дүниеге келмеуі құптарлық жағдай емес. Тың алдында жазушылар әлі көп қарыздар.

Қазір әдеби ортада, сын еңбектерінде жастар тілді біле бермейді, әдеби тіл қоры азайып бара жатқандай деген мәселелер айтылып та, жазылып та жүр. Бұл пікірлерге қосылуға да, қосылмауға да болады. Қосылмайтынымыз орта буын, жас жазушылардың тіл байлығы кедей деген мүлде жаңсақ пікір екеніне олардың шығармаларын оқи отыра көз жеткіземіз. Шамасы, бір-бірімізді қадағалап оқуымыз жеткіліксіз тәрізді. Бұлар тілді біледі және түрлендіре де біледі. Ал, қосылатын тұсымыз – тілді білмейді емес, сол тілдің бай қорын біле тұра, орынды алмайды. Мұның өзі осы тіл, стиль төңірегінде күрделі проблеманы тудырып отыр. Тіл, стиль шеберлігі деген мәселелерді атүсті түсініп жүрген сияқтымыз. Осы орайда бірқатар қаламгерлеріміз қарапайым, жеңіл жазамыз деп қарабайырлыққа, қарадүрсіндікке, мақалдап-мәтелдеп сөйлегенді көркемдік, білгірлік деп, желбуаз сөзуарлыққа ұрынады. Содан болу керек, кейбір жекелеген қаламгерлеріміз де әлі де болса стильдік даралығы, өзіндік беті аңғарылмай, оқырмандар олардың туындыларын **есқашты** болады. Оқырмандар талғамын өсіруде, тәрбиелеуде шынайы көркем стильдің атқаратын зор ролін ескермеуге правомыз жоқ.

Жолдастар! Прозамыз соңғы жылдар ішінде кемелдене, толыса түсті. Творчестволық ізденіс арналары кеңейді, көркемдік компоненттері түрленді. Атап айтарлығы, республика өміріне жазылғанмен, бұл туындылар тұтастай алғанда кемелденген социалистік қоғамның шындығын, совет адамдарының жасампаз тұлғасын көркем суреттей алған. Мұндай шығармаларымыз бар. Қаламгерлеріміздің суреткерлік-азаматтық белсенділігін, айқын позициясын атап айтуымыз жөн. Олардың нақты көрінісіне – проза шығармаларында элеуметтік-экономикалық, рухани-моральдік,

экологиялық проблемалардың батыл қозғалуын жатқызамыз.

Л.И.Брежнев жолдастың баяндамасында: «Совет адамы – адал еңбеккер, жоғары саяси мәдениеттің адамы, патриот және интернационалист. Оны партия, еліміздің қаһармандық тарихи, біздің күллі құрылысымыз тәрбиеледі. Ол жаңа дүние құрылысшысы болып парасатты өмір сүруде» - деп атап көрсетілген болатын.

Біздер, қаламгерлер совет адамының көркем образын жасау үстінде совет адамының өзіне лайық осындай келбетін көрсетуге ұмтылуға, сомдауға тиіспіз. Біз осы асыл мұраттар алдында көп қарыздармыз.

### **РЕДАКЦИЯ ЖУРНАЛА «ЖУЛДЫЗ» На Ваш №2 от 17 января 1984 г.**

Присланная Вами рукопись романа Ш.Муртазаева «Звездный мост» /третья книга многотомного полотна «Красная стрела» /вызвала у сотрудников Института живой интерес. Главная причина этого заключается в имени главного героя произведения Турара Рыскулова. Правдивая характеристика личности этой колоритной фигуры, показ его роли революционных событиях имеет бесспорное-познавательное и воспитательное значение. Работая над выполнение этой задачи, исследователи выявили немало документов и материалов и подготовили к печати сборник произведений Т.Рыскулова. В издательстве Казахстан планируется также выпуск его научной биографии. Все это, однако, не делает лишним литературно-художественное раскрытие образа известного революционера, более того произведение весьма необходимо.

Известно, как высоко ценили познавательную роль художественной литературы классики марксизма-ленинизма. Они отмечали, что в высокохудожественных литературных произведениях отражается черты эпохи, реальные отношения в обществе, диалектика общественных процессов.

Ш.Муртазаев, широко известный не только казахстанскому, но и союзному читателю, зарекомендовал себя талантливым писателем, на счету которого глубоко реалистические произведения, в том числе биографического жанра. Ряд лет автор кропотливо и в целом успешно работает над образом Турара Рыскулова. Первые две

книги романа «Красная стрела», опубликованные в переводе на русском языке в издательстве «Советский писатель» в 1982 году были тепло встречены и высоко оценены читателями, историками, прежде всего потому, что в них впервые с такой полнотой и достоверностью был воссоздан образ Турара Рыскулова, казахского народа на переломе XIX и XX веков вплоть до победы Великой Октябрьской социалистической революции.

Что касается того исторического периода, которому посвящена рассматриваемая рукопись, то он наиболее сложен вследствие как переломного характера событий, так и неоднозначности содержания деятельности самого героя. К тому же в распоряжении автора не было полного комплекта нужных документов, многие факты ему приходилось выявлять самому. В исторической же литературе деятельности Рыскулова дается разноречивая оценка, от резко отрицательного до односторонне хвалебного, что свидетельствует о недостаточной изученности материала. Все это говорит, о том, что перед писателем стояла довольно нелегкая задача, с которой Ш.Муртазаев в основном справился.

При этом следует сказать, что мы не беремся судить о художественных достоинствах произведения. Об этом имеется достаточно компетентное положительное суждение писательской организации республики. Свою же задачу мы ограничиваем, как об этом просит редакция журнала, рассмотрением материала книги с точки зрения соответствия его исторической истине и возможности его публикации в печати.

Говоря коротко, роман основывается на достоверные исторические факты, хотя кое-где в тексте встречаются некоторые нарушения в последовательности событий /время перевода Рыскулова на работу в Ташкент, избрание Вотинцева председателем ТурЦИКА, возможность встречи с ними Бейли, осбановка приезда – вернее было бы сказать о приезде – Кобозева в Ташкент и др. /Следует, на наш взгляд, уточнить эпизод с арестом Турара в литературе подобных сведений нет/, характеристику Ярмухамедова /личность действительно легендарная, но первым орденом Красного Знамени он награжден в конце 1922 г., в 1919 г. он не мог иметь этой награды/, время получения в Ташкенте радиogramм ЦК РКП/б/ о пропорциональном представительстве и случай с его сокрытием на длительное время противниками национальной политики партии.

Говоря об этих замечаниях, мы принимаем во внимание право

автора художественного произведения на известную перестановку фактов, изложение событий в соответствии с собственным художественным замыслом. Но тем не менее обращаем его внимание на желательность по возможности соблюдать историческую точность.

С такой же позиции мы ставим вопрос о целесообразности акцентировать внимание на таких негативных явлениях как возмущение бедняков Советской властью, приказ по красноармейскому отряду с угрозой местным жителям расправил в случае невыдачи басмачей, шовинистические высказывания буржуазных газет и различных враждебных элементов. С твердым духом Рыскулова, на наш взгляд, не согласуется его пессимистические раздумья / во время нахождения в тюрьме/ о соей печальной судьбе, не сбывшийся мечте прославиться /?!/ на политическом поприще, о слабости Советской власти и т.п.

Более принципиальный вопрос об отношении Турара к Турккомиссии, представляющей собой полномочный орган ЦК РКП /б/. В его составе, как известно, были известные деятели партии /в рукописи почему-то опущена фамилия члена комиссии Г.И.Бокия/. Куйбышев, Фрунзе, Рудзутак, Голощекин и другие опытные партийные работники оказали огромную помощь коммунистам края. При этом могли возникнуть и действительно возникали разногласия по поводу решения того или другого вопроса. Но целесообразно ли характеризовать позицию Турара высказываниями, вроде: Турккомиссия верховодит всем, не дает прав ТуркЦИКу, в республике образовалось подобие двоевластия; по существу он, Турар, превращается в марионетку, в игрушечного президента игрушечной республики и т.д.?

На размышление автора мы выносим и вопрос: не преувеличивает ли он представление о Тураре, молодом революционере, не имевшем пока основательного марксистского образования. В рукописи показывается, что уже в первые месяцы революции о Рыскулове говорили как о человеке большого масштаба, главном лице в Ташкенте, там автор подчеркивает его подзадумываемые превосходства по сравнению с другим деятелями, с которыми Турар работал, в том числе со старейшими членами партии; имеется попытка представить Рыскулова эрудитом в революционной теории. При определении случае он ссылается, например, на письма В.И.Ленина к Инессе Арманд по вопросу о семье. Но в то время Турар не мог знать об этих письмах, поскольку

они не были опубликованы. Более того последний не знал и о многих опубликованных ленинских работах. И этим объясняются главным образом его серьезные ошибки в национальном вопросе, раскрытие которых является, бесспорно, важнейшей задачей автора.

В рукописи приведен довольно обстоятельный материал, характеризующий обстановку и содержание споров о национальных взаимоотношениях в регионе. Много внимания уделено изложению мотивировок позиции Рыскулова. Однако картина до конца не выявлена, поскольку спор не закончен, роман обрывается на моменте отправки последнего в Москву с надеждой доказать правильность своей ошибочной позиции.

Само собой напрашивается предложение о доведении событий до логического конца, показе встречи Т.Рыскулова с В.И.Лениным, ставшей решающей вехой на пути его восхождения. Именно тогда Турар непосредственно испытал на себе благотворное влияние ленинского воздействия, стал понимать, сколь сложны кажущиеся на первый взгляд простыми вопросы классовой борьбы, политики национальных взаимоотношений. Без этого, как мы убеждены, роман о Тураре Рыскулове не будет полноценным.

Положение, на наш взгляд, облегчается тем, что Ш.Муртазаев продолжает работу над романом. Это дает нам основание посоветовать подготовить описание событий лета 1920 года к публикации либо вместо со второй частью уже представленной рукописи, либо вслед за этим в следующем номере журнала. Этой будет ценным подарком к 90-летию со дня рождения Турара Рыскулова, которое исполняется осенью текущего года.

Пожелаем же автору удачи в незамедлительной подготовке указанного материала к печати. Нет сомнения в том, что роман будет встречен общественностью с большим интересом.

Директор института

А.Ахметов

1989 ж. Газеттің 70 жылдығы қарсаңында

## **«СОЦИАЛИСТІК ҚАЗАҚСТАН» ГАЗЕТІНІҢ ТАРИХЫНАН**

Алғашқы номерінің шыққанына алдағы декабрь айында 70 жыл толатын (1919 жылғы 17 декабрь). Қазақ елінің тарихымен біте қайнасқан газет те осынау мерзімде қилы-қилы жағдайларды бастап

кешті. Осыған орай және дәйім жаңаруға құмар қазақ қауымының тілегіне сәйкес газет аты да өзгеріп отырған: ол 1920 жылғы 13 ноябрьден – «Еңбек туы» боп көтерілді; кейіннен дүбәралықтан арылып, өз қауымына жақындау мақсатында 1921 жылғы 7 ноябрьден – «Еңбекшіл қазақ»; азат еңбекке ұмтылған қазақ халқының сол еңбекке қол жеткізуін бейнелеу тұрғысынан 1925 жылдың басынан – «Еңбекші қазақ»; 1932 жылғы январьда өлкелік партия комитеті пленумының шешімімен енді ел атынабайланысып «Социалды Қазақстан»; тіл ережесіндегі өзгерістерге орай 1937 жылдан «Социалистік Қазақстан» болды.

«Социалистік Қазақстан» - газеттің 50 жылдан астам уақыт қолданыста болып, әбден етене тартқан атауы. Алайда, алғаш шығатын кезінде оны лениндік «Искрамен» байланыстырған, газеттің қазақ даласында сондай міндет-мақсат атқаруын ойлаған аға ұрпақтың өкілдеріне тәнті боласын. Сәл ілгері озып, айта кетсек, өзіміздің құнтсыздығымыздан «Ұшқынның» алғашқы сарбаздары - Тәмимдар Сафиев, Бернияз Күлеев, Әмірғали Меңешов, Тұнғашиннің кішісі, Мерғали Ешмұхамбетов, Әміржан Қаратаев сынды сол ағалар қызметінің осы күнге дейін жеріне жеткізіле зерттелмей қалуы өкіндіреді. Революция жеңіп, Совет өкіметінің орнауы қолдан қоя салғандай емес екенін ескерсек, заманға қарай түсінік-түйсік те, жағдай да аумалы-төкпелі боп тұрғанда «Ұшқын» журналистерінің кейбір ауытқуларға жол беруі де, басшыларға жақпауы да әбден ықтимал ғой. Өйткені, «Ұшқынның» орнына әу баста «Қазақстан» деп ойластырылса да, «Еңбек туы» боп жарық көрген газетті шығарушылар салғаннан-ақ «Тоқталған «Ұшқынның» басына келетін мәселелерге жаңа басшылық жауапкер болмайды» деуі тегіннен болмаса керек. Жаңаша түсінік қалыптасып отырған қазіргі жағдайда мұның бәрін де түсіну қиын емес. Ал ол кезде бәрі де басқаша еді ғой. Қалай болғанда да «Социалистік Қазақстан» бойына от берген «Ұшқыннан» да, сол республикалық баспасөз ұшқынын қаузаған ұшқыншыларынан да бас тартпайды, қайта оларды әрдайым құрмет тұтады. Соның айғағы ретінде өзінің 70 жылдық номерінде ең алғашқы «Ұшқынды» бүгінгі қаріп негізінде қайта бастырмақ.

«Ұшқынның» бірінші номерінде мынадай беташар берілген: «Қазақ жұртын билейтін өзгеріс һәм соғыс комитетінің атағынан жетісіне екі рет шығатын саяси, әдеби һәм шаруашылық газетасы». Демек ол кирреввоенкомның органы болған. «Еңбек туы» РКП/б/ Қазақ облыстық бюросы мен Қазақ облыстық бюросы мен Қазақ

Орталық Атқару Комитетінің газеті ретінде шықты. Сосын ол өлкелік комитеттің, республика Компартиясы Орталық Комитетінің органы боп тұрды. Бертінге дейін солай болып келді де, кейінірек Қазақстан Компартиясының Орталық Комитетімен қатар Қазақ ССР Жоғарғы Советінің Президиумы мен Министрлер Советінің атынан да сөйлей бастады. Газетті үзбей оқып жүргендер білуі керек, ол жаңағы беташарда айтылған «саяси, әдеби һәм шаруашылық» мәселелерін мүмкіндігінше өрге сүйреп, соларды жүзеге асыруға республика жұртшылығын жұмылдырып келеді. Газеттің бар болмысы, бүкіл қызметі Қазақстан тарихымен астасып жатыр. Оның өзі де дүниеге қазақ жұртшылығына «Жалпы қазақ съезіне әзірленіндер» деп жар сала келді. Қазақ автономиялы республикасының құрылуы туралы лениндік декретті де ол оқырмандарына ең бірінші болып жеткізді. 1920 жылғы 4 октябрьде ашылған құрылтайды әзірлеу жұмыстарын ол бастан-аяқ атқара білді. Республика астанасының өзгеруіне байланысты газет алдымен Орынборда, сосын Қызылордада шыққаны, қазір Алматыда екені, қаріп реформаларына сәйкес алдымен жаңаша оқудағы арап қаріпімен, кейінірек латын, қазір кирилица үлгісіндегі қазақ қаріпімен шығатыны өздеріңізге мәлім.

Цифилизация шыңына қол созған бүгінгі биігімізден жиырмасыншы жылдардағы Қазақстанға қарар болсақ, жаңа өмірдің мәнін әлі жете түсіне қоймай, марғау күй кешкен қыр қазақтарын революциялық арнаға шығарып, бойында құлшыныс отын тұтандыру үшін большевиктер партиясына, оның жауынгер трибунасы – газеттерге көп күш-жігер жұмсау қажет болғанын түсіну қиын емес. «Ұшқын» мен «Еңбек туы» да, «Еңбекшіл қазақ» та өз беттерінде революция берген теңдікті жүзеге асыру жолдарын үйретіп, жаңаша тұрмыс құрудың әдістерін көрсетті. «Ұшқын» 1920 жылғы февральдағы номерлерінен бастап «Ел хабарлары» деген рубрика ашып, қазақ тұрмысына мысқалдап еніп жатқан жаңалықтар туралы баяндады. Ол бірде Ембі мұнайын игеру туралы айтса, енді бірде қызыл әскерге көмек қорын ұйымдастыру туралы жазды. Совет мектебінің діни мектептерінен айырмашылығын түсіндіріп, алашордашыларға жасалған кешірім туралы хабарлады. Азамат соғысы ел басына қасірет туралы айтылды.

«Еңбек туы» мен «Еңбекшіл қазақ» жас республиканың алғашқы қадамдарын жазып, Совет өкіметінің мән-маңызын оқырмандарға түсірдірумен болды. РКП/б/ Орталық Комитетінің нұсқауы бойынша сол тұста-ақ ауыл-село тілшілерімен жұмысты жолға қоюға көп назар

аударылды. Ол кезде газетке жеке жазушылар әлі аз еді. Сондықтан да баспасөздің таратылуы еңбек коллективтері арқылы жүретін. Газетке материал жазушылар негізінен редакция қызметкерлері болды да, республика тынысын жан-жақты көрсету оңай болған жоқ. Алайда, тілшілер жүйесін кеңейту мәселесі жер-жерден алғашқы хаттардың түсе бастауына жағдай жасады. Газетте жер өндеуге, кооперацияға байланысты шағын дүниелер жариялана бастады.

«Еңбекшіл қазақтың» 1924 жылғы 23 январьдағы номері Лениннің қайтыс болуына орай азалы болып шықты. «Ильичтің басшылығымен шайқастарда жеңіп алған революциялық Қызыл туды қолдан шығармаймыз» деп жазды газет. Февральдің басында қаралы күндері Москвада болған Сәкен Сейфуллиннің өлеңі басылды. Ал 13 февральда Ильичті жерлеуге қатысқан М.Сералиннің азалы күндер туралы үлкен очеркі жарық көрді. Газет партия қатарын нығайтуға, Ильич идеяларын меңгеруге жұртты шақырып, оның бай мұрасын оқырмандарына таныстырды. Оның беттерінде «Біз Рабкринді қалай қайта құруымыз керек», «Аз да болса, жақсы болсын» және басқа лениндік мақалалар аударылып жарияланды.

Осы тұста, 1924 жылғы 17 мартта Сәкен Сейфуллин газет арқылы барлық мекемелердің басшыларына ашық хат жолдап, олардағы барлық жұмысты қазақ тілінде жүргізу жөнінде ұсыныс айтты.

1924-25 жылдар газеттің оқырмандармен байланысын арттырып, оның партиялық бейнесін айқындауда маңызды кезең болды. РКП/б/ Орталық Комитетінің секретарияты 1925 жылғы 2 мартта қазақ баспасөзінің жайы және оны жақсарту жөнінде шаралар туралы қаулы қабылдап, онда «Еңбекші қазақ» газетіндегі журналистердің саяси әзірлігін жетілдіру мәселесі де қойылды. Сол жылдың ортасында газеттің жаңа астана – Қызылордаға көшуі жұмысты жағаша ұйымдастыруды талап етті. Жас кадрлар келіп, тың тақырыптар, әсіресе халық ағарту, әйел теңдігі, индустрияландыру мәселелері кеңінен жазылды. РКП /б/ Орталық Комитетінің ұйымдастыру бюросы 23 октябрьде қазақ баспасөзі туралы тағы да қаулы қабылдап, кадрлар біліктілігін арттыруға назар аударды. «Еңбекші қазаққа» партиялық басшылықтың формаларын жетілдіру жөнінде айтылды. 1926 жылғы 2 апрельде партия Комитеті баспасөз бөлімінің коллегиясы қазақ баспасөзінің жай-күйін қайтадан қарады. Партиялық мұндай қамқорлық газет жұмысын жақсартта түсті. Соңғы қаулыда өлкелік партия комитетінің баспасөзге басшылығының

нашар екені көрсетілді. Осы кемшілікті жою мақсатында газеттің редакциялық коллегиясын құру ұсынылды. 1926 жылғы 19 апрельде құрамында Т.Рысқұлов, О.Жандосов бар редколлегия бекітілді.

Өздеріңізге мәлім, 1925 жылдың сентябрінен республика партия ұйымын Ф.И.Голощекин басқарды. Ол Москвада қабылданған әрбір қаулы үшін кінәлілерді интеллигенция қатарынан табуға тырысты. Қазақтың көрнекті деген талай азаматы қуғынға осы кезден бастап түсті. Бұдан республикалық қазақ газетінің редакторлары да тыс қалмады. 1922-24 жылдары газетте редактор Сәкен Сейфуллин болған. Одан кейін редакторлыққа келген Смағұл Садуақасовты сол жылғы V партия конференциясында Филипп Исаевич Голощекин жөнсіз жазғырып, соның арты қуғындауға ұласқаны жасырын емес. 1926 жылғы 10 апрельде Қазкрайкомның баспасөз бөлімін Тұрар Рысқұлов басқарды. Көп кешікпей оған «Еңбекші қазақтың» редакторлығы да жүктелді. Ал күзге қарай бұл қызметке Ғаббас Тоғжанов келді.

Бәз-біреулер «Еңбекші қазақ» 1931-33 жылдарғы ашаршылық, одан кейінгі репрессия кезінде де асыра сілтеулерді жазбады деп айыптауға құмар. Тіпті, 1937 жылғы келеңсіз үрдіс кезінде газет адал адамдарды кінәлауға қосылды деп мысал келтіруге әуестер де жоқ емес. Әрине, газет тарихынан ешбір оқиғаны алып тастай алмайсың. Бірақ, мәселеге объективті тұрғыдар келген жөн. Жоғарыда аталған төрт адам да Голощекинмен айтысып өткендер, сол үшін біреулері қызметсіз қалды, біреулері қызмет орындарын Мәскеуге ауыстырды. Ал олардың айтысы Голощекиннің қазақ халқына деген көзқарасына байланысты болды. Ашаршылықты тек 1930 жылдың салдары деуге болмайды, оның бастауы Голощекиннің «кіші Октябрь» идеясында жатыр. Егер басшыларын шетінен сыпырып тастап отырса, 1926-27 жылдары ғана «Еңбекші қазақ» Казкрайкомның бюросында бірнеше рет сілкіленсе, дегені дәуірлеп тұрған адамға қарсы газет редакциясы не істей алар еді? 1937 жылы кезінде газетте істеген ондаған адам ұсталды, ал редакцияда сол кезде қызметте жүрген адам репрессия құрбаны болды. 1937 жылы редактор болған Жүсіпбек Арыстанов 1938 жылы ұсталып кетті. Одан кейінгі редактор Сақтаған Бәйішевті қара тізімнен Орталық Комитет алып қалды. Журналистер қаламының ұшына абайлап қарайтын болды. Ол тұста «халық жаулары» деген ұранды «Правда» мен «Известия» да аспандатқан. Сондықтан да объективті жағдайды көрмей, газетке «айға шаппадың» деген талап қоюдың қай реті бар.

Ал газет бел алып бара жатқан кемшіліктерге, қателіктерге мүмкіндігінше қарсыласып бақты. Мәселен, 1928 жылдың екінші жартысында ғана газетте 1200-дей сын мақала жарияланыпты. Соның төрттен біріндейінде отырықшылық пен колхоздастыру қадамдарындағы алғашқы бұрмалаулар мен қателіктер сыналды. Алайда, Голощекиннің қазақ газетіне көзқарасын түсіне қойған жергілікті басшылар ол сындарға көп құлақ аса бермеді.

Казкрайком басшылығы ауысып, Л.И.Мирзоянның келуі, оның баспасөзге арқа сүйей бастауы газет беделін көтерді. 1934 жылдың майында «Социалды Қазақстанның» жауапты редакторы болып Ғабит Мүсірепов бекітілді. Осы кезде газетте кейіннен белгілі қайраткер, ғалым, көрнекті жазушы болған С.Лепесов, Б.Кенжебаев, Қ.Өтепов, І.Қабылов, А.Елшібеков, М.Есмұхаметов, Ә.Омарбеков, Н.Манашев, Ж.Арыстанов, С.Бәйішев және басқалар жұмыс істеді. Газет жұмысында аз болса да жақсы кезең туды. «Социалды Қазақстан» Қарағандының екпін алып, стахановшылар қозғалысының өрістеуіне, МТС-тардың өркен жаюына көп үлес қосты. Газет бұл кезде қарағандылық шахтер М.Рақышев, талдықорғандық қызылшасы Н.Досқожанова секілді жаңа кейіпкерлер тайты. Әдебиет пен ғылым мәселелеріне назар көбірек аударылды. СССР Конституциясының жобасы талқылауға жарияланып, оның қабылдануы, Қазақстанның одақтас республика болуы газет жұмысын жаңа биікке көтерді. Алайда, алда 1937 жыл түр еді.

Соғыс қарсаңындағы кезеңде де 1937 жылғы сайлауға әзірлік, ВКП /б/ ХҮІІІ съезін лайықты қарсы алуға жұртты жұмылдыру, Қазақстанның 20 жылдығын мерекелеу секілді үлкен науқандар болды. Газет осылардың бәріне атсалысты. Сонымен бірге «халық жауларын» әшкерелеу де науқандық сипат алды. Алғашқы кезеңде газет біраз тартынып бақты. Алайда, «Халық жаулары туралы мақалымызды «Социалистік Қазақстан» жасырып бермей отыр» деген арыз-шағымдар тиісті орындарға түсіп жатты. Солардың қысымы да, жаманаттан сақтанушылық та болды. Зорлық пен біраз жәйттер жазылды.

Кейін газет тарихын тереңдей зерттегендер айқындап жатыр, газеттің белгілі бір мәселеге қарсылығы соған қарсы мақала беруден ғана емес, сол мәселе туралы жазбауынан да көрінеді. Сондай тақырыптар қатарында 1937 жылғы зобалаңды, 1954 жылғы тың игеруді, 1986 жылғы декабрь оқиғасын атауға болады.

«Социалды Қазақстанның» Ұлы Отан соғысы кезіндегі қызметі

біршама зерттелген. Ол тұста республикалық газеттерден тек «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» қалғанын өздеріңіздер де білесіздер. Газеттің бұрынғы және сол кездегі көптеген қызметкерлері майданға атанды. Олардың ішінде Мәлік Ғабдуллин Совет Одағының Батыры атанды, С.Бәйішев, М.Иманжанов және басқалары ел таныған азаматтар болды. Ал Аманғали Сегізбаев, Несіпбай Манашев, Мұхамбетқұл Ісләскүлов, Иван Ильич Котов, Әнуар Омарбеков, Зәкір Құсайынов Отан қорғау жолында ерлікпен қаза тапты.

Газет сол жылдары майдандағы қаһармандық пен тылдағы жанқиярлық еңбекті қатар жазды. Атап айтқанда, соғыс біткенше «социалистік Қазақстанда» «8-ші гвардиялық дивизияда» деген рубрика тұрақты берілді. Газеттің тілшілері мен авторлары барлық майдандағы жағдайды, жерлестерінің қалай шайқасқанын, Қазақстанда жасақталған әскери құрамалардың ерліктерін хабарлап отырды. Ал тылда газет қорғасынды, астықты, көмірді мол өндірудің ұйтқысына айналды. Шымкент қорғасыншылары мен Полудин МТС-індегі еңбеккерлердің газетте жарияланған үндеуі үлкен жұмылдырушылық роль атқарды. «Социалистік Қазақстан» мен «Казахстанская правда» азат етілген 12 қала мен 45 ауданның қалпына келтірілу шараларына қамқорлық жасады.

Бүгінде біз тоқырау кезеңі туралы көп айтамыз. Даңғазалыққа ұрындық, дабырақұмар болдық дейміз. Әділдік үшін 70-80-ші жылдарғы газет тігінділерін ақтарып көріңіздер: номер сайын сын мақала табуға болады. Халықтың әлеуметтік жағдайы, тұрмыс-тіршілігі үнемі сөз болып отырды.

«Социалистік Қазақстан» газетінде батылдық жетіспейді дейтін бір қысыр пікір бар. «Сөз сүйектен, таяқ еттен өтеді» деген сөзді қазақ атамыз ешқандай газет шықпай тұрғанда айтқан. Большевиктер партиясын ұлы Ленин газеттің көмегімен құрған. Газет сөзінің қандайлық құдірет екенін кезінде Карл Маркс те атап көрсеткен. Сондықтан да батылдықтың жөні осы екен, бас-көз жоқ жаза беруге болмас. «Социалистік Қазақстан» - республикалық басылым. Ол өзгелерге үлгі көрсетіп, ең алдымен айтатын да, өзгелердің ең соңынан түйінді пікір беретін де кездер бар. Мұны ескерген жөн. Ал принципті сөзін айтудан газет ешқашан тартынған емес. Қазақ халқының тарихына, Тұрар Рысқұлов сынды лениншіл большевиктерге байланысты мәселені газет сонау соғыстан кейінгі және елуінші жылдардың ортасында көтерген. Сол үшін Қылыш

Шәріпов екі рет редакторлықтан босатылған. Мұны оқырмандарымыз бүгінгі жазғандарымыздан да өздері көріп жүр. Тарих «ақтаңдақтарын» жоюға, ұлтаралық қатынасты жетілдіруге, мемлекеттік тілді қалыптастыруға, әдебиет пен мәдениет мәселелерін талқылауға, кеншілер ереуіліне, ізгілік тәрбиесіне байланысты берілген дүниелер бұған көз жеткізсе керек.

Газеттің күші мен қуаты онда жұмыс істеген адамдарға көп байланысты. «Социалистік Қазақстанда» әр кездері жоғарыда аттары аталған ағалардан басқа Бейімбет Майлин, Ілияс Жансүгіров, Міржақып Дулатов, Сәбит Мұқанов, Қасым Аманжолов, Әбділда Тәжібаев, Асқар Тоқмағамбетов, Ғали Орманов, Ғабдол Сланов, Бейсембай Кенжебаев, Балғабек Қыдырбекұлы, Қасым Шәріпов, Шерхан Мұртазаев, Сәуірбек Бақбергенов және басқа белгілі қаламгерлер мен қайраткерлер жұмыс істеген. Газетті сәл уақыт болса да Тұрар Рысқұлов, Ораз Жандосов, Ораз Исаев редакциялап тұрған.

Егер «Ұшқын» 300 дана, «Еңбек туы» 1000 дана, «Еңбекшіл қазақ» 3000 дана боп таралғанын, бұрын оқырмандардың әр хаты редакцияға ұлан-асыр қуаныш әкелгенін ескерсек, бүгінгі тиражымыз 200 мыңның, хаттар саны 20 мыңның үстіне шыққанын шүкірлік етуге болар еді. Алайда, «Ұшқынның» бірінші номеріндегі оқырмандар атынан жазылған:

Біз де артыңнан елі қалмай ерерміз,  
Ой мен ақыл, қол мен қуат берерміз.

Елге ерік, жерге көрік әпермей,

Жүрсек бірге, өлсек бірге өлерміз, - деген тілекті естен шығарғамыз жоқ. Оқырмандар сол тілегінде тұрса, газет бүгін миллионның үстінде таралуы керек еді. Өкінішке орай, тиражымыз сол миллионның бестен біріндей ғана. Бұған сталиндік-голощекиндік репрессия тұсында қазақ тілінің қуғындауға ұшырағаны, волонтаризм мен тоқырау кезеңінде қазақ мектептері жабылып, ана тіліміздің шет қақпай болғаны салқынын тигізгені сөзсіз. Қайта құру арқасында жағдай түзелуде, тіліміз мемлекеттік статус алып, оқу-білімді, іс қағаздарын, қатынастар барысын қазақша жүргізейік деп отырмыз. Тіліміздің тынысы кеңейіп келеді. Олай болса, қазақ газетін жаздырып алу ғана емес, оқудағы да енжарлықты қалай түсіндіреміз? Ал бүгінгі «Социалистік Қазақстанда» оқитын да, өнеге алатын да материалдар мен мәселелер жеткілікті.

## **«Социалистік Қазақстанның» редакторлары хақында**

1. 1919 жылғы 17 декабрьден 1920 жылғы 27 октябрьге дейін шыққан «Ұшқын» газетін редколлегия басқарған. Оның жетекшісі Тәмімдар Сәпиев болған. Ұзақ уақыт уақыт Москвада тұрып, бертінде қайтыс болған. Кезінде орысша, қазақша сауаты жақсы көрінеді.

2. «Еңбек туын» алғаш редколлегия басқарған, оның жетекшісі кім болғандығы жөнінде нақты дерек жоқ. Редколлегия құрамында С.Сейфуллин болғаны мәлім. Егер нақты зерттеу жүргзілсе, бұл жәйт анықталуға тиіс.

3. Әбдірахман Байділдин – 1921 жылғы ноябрьден 1922 жылдың октябріне дейін «Еңбекшіл қазақта» редактор болған. Көпке дейін газетті осы «Еңбекшіл қазақтан» бастағандықтан, ол тұңғыш редактор саналып келді.

4. Сәкен Сейфуллин – 1922 жылдың октябрінен 1924 жылғы апрельге дейін. Ең алғаш газеттің материалдық-техникалық базасын жақсарту, кадрлармен жасақтауды жетілдіру мәселесін жүргізді. Ф.И.Голощекин Қазақстанға келісімен-ақ шетқақпайға ұшырай бастады. Репрессия ұшырап, опат болды.

5. Молдағали Жолдыбаев – 1924 жылғы апрельден 1925 жылғы августқа дейін.

6. Смағұл Садуақасов – 1925 жылғы августан 1926 жылғы апрельге дейін. «СҚ»-ның тарихындағы ең жас редактор болуы керек, ол газетке келгенде 25 жаста болатын. Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшесі болған Ф.И.Голощекин қуғындап, Қазақстаннан кетуге мәжбүр болды. 1933 жылы қайтыс болды.

7. Тұрар Рысқұлов – 1926 жылғы 23 апрельден 20 июньге дейін. Ол да Қазақстаннан кетуге мәжбүр болған. Сталиндік репрессия құрбаны.

8. Ораз Жандосов – 1926 жылғы 23 июньнен II июльге дейін. Ол да Голощекинмен сыйыспаған, репрессия құрбаны.

9. Ораз Исаев – 1926 жылғы 13 июльден 30 августқа дейін Репрессия құрбаны.

10. Бейімбет Майлин – осы 1926 жылы белгілі бір мерзімде «Уақытша редактор» деп қол қойған. Репрессия құрбаны.

11. Ғаббас Тоғжанов – 1926 жылғы 31 августан 1932 жылғы майға дейін. Қазақ өлкелік партия комитетінің бюро мүшелігіне болған. Репрессия құрбаны.

12. Әйтiке Мусин – 1932 жылғы көктемнен 1934 жылғы көктемге дейін. Айтмұхамет Мусин, Казкрайкомның бюро мүшелігіне кандидат.

13. Ғабит Мүсірепов – 1934 жылғы майдан 1936 жылғы көктемге дейін. Кезінде Ф.И.Голощекиннен қысым көрген. Көрнекті жазушы, танымал қоғам қайраткері дәрежесіне дейін жетті.

13а. Жанайдар Садуақасов

14. Жүсіпбек Арыстанов – 1937 жылғы көктемнен 1938 жылдың басына дейін. Қазақстан Компартиясы Орталық бюро мүшесі және баспасөз ардагері. Қуғындау көріп, ұзақ жылдар түрмеде отырды, жер аударылып жүрді.

15. Сақтаған Бәйішев – 1938 жылдың басынан соғыс басталғанға (41 жылғы сентябрьде) дейін. Кейіннен академик болды.

16. Әмір Қанапин – соғыстың басынан орта шеніне дейін. Кейіннен белгілі ғалым болды.

17. Балтабек Асанов – соғыстың орта шенінен 1949 жылдың көктеміне дейін.

18. Қасым Шәріпов – 1949 жылғы марттан 1951 жылғы декабрьге дейін. Қазақ халқының тарихына, Кенесары Қасымовқа байланысты мәселелер көтергені үшін редакторлықтан босатылған.

19. Хабыл Бекмұратов – 1951 жылғы декабрьден 1952 жылғы 24 сентябрьге дейін.

20. Ғұмар Аққұлов – 1952 жылғы 25 сентябрьден 1955 жылғы 23 июньге дейін.

21. Қасым Шәріпов – 1955 жылғы 24 июньнен 1960 жылғы 18 ноябрьге дейін. «Социалистік Қазақстанның» тарихында екінші рет қайта оралған жалғыз адам. Тұрар Рысқұлов жөнінде материал бергізгені үшін басқа жұмысқа ауыстырылған.

22. Кеңесбай Үсебаев – 1960 жылғы 21 декабрьден 1969 жылғы 14 майға дейін. Белгілі публицист, ардагер.

23. Ұзақ Бағаев – 1969 жылғы 15 майдан 1973 жылғы июльге дейін. Белгілі публицист.

24. Сапар Байжанов – 1973 жылғы 1 ноябрьден 1983 жылғы февральға дейін. Белгілі публицист.

25. Балғабек Қыдырбекұлы – 1983 жылдың көктемінен 1986 жылдың аяғына дейін. Белгілі жазушы.

26. Көрік Дүйсеев – 1987 жылдың апрелінен 1989 ноябрьге дейін.

Газеттің 10000-ыншы номері 1956 жылғы 13 майда шыққан. СССР Жоғарғы Советі Президиумының 1957 жылғы 19 марттағы Указымен он мыңыншы номерінің шығуына байланысты, тың және тыңайған жерлерді игеру, астық өндіруді арттыру жолындағы күресте ұйымдастырушылық ролі атап көрбетіліп, Еңбек Қызыл Ту орденімен наградталды.

## **ЦК КОМПАРИИ КАЗАХСТАНА**

Союз писателей Казахстана постоянно уделяет внимание работе с молодыми литераторами. В 1975 г. (9-12 декабря) состоялось совещание молодых писателей Казахстана, на котором с анализом произведений начинающих литераторов выступили Ж.Абдрашев (поэзия) и Т.Токбергенов (проза). В сентябре 1976 г. Правление СП Казахстана организовало творческую встречу молодых литераторов в ходе Абаевских дней в Семипалатинской области. Постановление ЦК КПСС «О работе с творческой молодежью» послужило дополнительным стимулом для активизации работы с молодыми писателями. 30 ноября 1976 г. состоялся пленум СПК с повесткой дня «Задачи Союза писателей Казахстана в свете Постановления ЦК КПСС «О работе с творческой молодежью». На пленуме с докладом «Современность в творчестве молодых» выступил секретарь СПК Ш.Муртазаев. В ответ на Постановление в январе 1977 г. был образован Совет по работе с молодыми литераторами при Союзе писателей Казахстана. Председателем Совета был избран Мустафин Г., заместителем председателя Сулейменов О.О., ответственным секретарем Шакенов Н.

Первое заседание Совета состоялось 10 февраля. Были обсуждены цели, задачи и перспективный план работы Совета. Члены Совета определили круг своих конкретных задач и обязанностей.

Межобластные отделения Союза писателей Казахстана были уведомлены о создании Совета. В настоящее время из

Карагандинской, Семипалатинской, Целиноградской областей получены уточненные сведения о проживающих в этих областях молодых литераторах.

Совет организует рецензирование произведений молодых литераторов опытными писателями. Получены рецензии Г.Бельгера на рассказы М.Кушниковой, А.Абайдильданова на стихи Т.Сайпназарова, Х.Бекхожина на стихи З.Кошкенова, К.Искакова на трагедию С.Утениязова «Ак бобек».

Отправлено письмо на имя директора издательства «Жалын» Идрисова К. С просьбой ответить молодому автору Б.Саурбаеву о причинах задержки его рукописи.

Значительными мероприятиями, проведенными Советом, явились обсуждение рукописи романа «Формула гениальности» Ш.Алимбаева и совместное заседание с молодежной комиссией Союза композиторов Казахстана о проблемах песенного жанра (соответственно – 28 января и 7 июня 1977 г.).

В настоящее время Совет готовит расширенное заседание, посвященное обсуждению первых книг молодых литераторов. Докладчиками назначены Ж.Абдрашев и А.Егеубаев (поэзия), О.Сарсенбаев и О.Бокеев (проза, Н.С.Ровенский и Ю.М.Герт. Заседание намечается провести во второй декаде ноября 1977 г.

**Ш.Муртазаев,  
Секретарь правления  
Союза писателей Казахстана**

## **ЦК КОМПАРТИИ КАЗАХСТАНА**

XXV съезд КПСС большое внимание уделил состоянию современной советской литературы и решения съезда стали руководством к действию Союза писателей Казахстана.

XXV съезд КПСС отметил положительные стороны деятельности писателей и по-партийному указывалось на недостатки в работе творческого союза, четко и ясно были определены задачи литераторов на дальнейший период развития нашей литературы.

В свете решения XXV съезда КПСС ЦК Компартии Казахстана

рассмотрел вопрос о состоянии деятельности СП Казахстана и принял постановление по этому вопросу.

Постановление ЦК КП Казахстана обсуждалось на расширенном партийном собрании Союза писателей. Коммунисты и беспартийные литераторы отмечали актуальность этого партийного документа, решили полностью и целиком одобрить его и принять к неуклонному руководству деятельности СПК.

Проходивший через год после принятия названного постановления ЦК, съезд Союза писателей Казахстана и последующие пленумы правления неуклонно руководствовались положениями и советами этого документа.

Второй пленум правления СПК (1976 год) рассмотрел вопрос о состоянии современной казахской прозы и определил задачи писателей в этом направлении.

Третий пленум (1977 год) посвящен работе СПК с молодыми литераторами.

Накануне 60-летия Великой Октябрьской социалистической революции был проведен Объединенный пленум творческих союзов республики (1977 год).

В начале 1978 года был созван пленум правления СПК с повесткой дня: «Новая Конституция СССР и нравственная ответственность писателей».

Пленум правления СПК, прошедший в январе 1979 года обсудил вопрос о состоянии издательского дела художественной литературы.

Ежегодно проводятся республиканские и зональные совещания-семинары молодых писателей. Эти совещания выявляют наиболее талантливых молодых литераторов и СПК постоянно заботится об их воспитании. Наиболее подготовленные из числа молодых принимаются и члены Союза писателей СССР. В СПК создан совет по работе с молодыми.

За последние три года произведения молодых казахских прозаиков и поэтов трижды обсуждались в Москве, на Свете по казахской литературе Союза писателей СССР. В истекшем году Совет по казахской литературе СП СССР проводил совещание на тему: «НТР и ее отражение в казахской прозе». В Алма-Ате дважды проводился «Круглый стол», организованный «Литературной газетой», «Литературным обозрением» и союзом писателей Казахстана. Эти встречи дают новые стимулы к дальнейшему развитию многонациональной советской литературы.

Творческая взаимосвязь у нас стала прочной традицией. За последние три года прошли Дни казахской литературы в Ленинграде и Башкирской АССР. Дни литературы Башкирии и Ленинграда прошли в Казахстане. В связи с этими мероприятиями в Алма-Ате изданы сборники прозы и поэзии ленинградских и башкирских писателей на казахском языке.

Большим событием в литературной жизни республики явился 80-летний юбилей классика казахской литературы Мухтара Ауэзова, проведенного в 1977 году.

Постановление ЦК КП Казахстана обязало СПК улучшить работу творческих советов. Работа творческих советов – это стержень всей внутрисоюзной деятельности. Секретариат правления СПК, пересмотрев составы советов по жанрам, обновил их за счет ведущих прозаиков, критиков и драматургов республики, после чего произошли определенные сдвиги в работе советов и сторону улучшения. За это время писателям: Бауржану Момышулы, и Ивану Шухову, Габидену Мустафину, Калижану Бекхожину и Шерхану Муртазаеву присуждена Государственная премия Казахской ССР, и писатели Абдижамиль Нурпеисов и Джубан Молдагалиев удостоены Государственной премии СССР. Их младшие братья Оралхан Бокеев, Сагат и Куляш Ахметова удостоены премии имени Ленинского комсомола Казахстана.

Роман Габита Мусрепова «Улпан» выдвинут на соискание Государственной премии СССР.

Писатели Казахстана заметно усилили внимание к современной тематике. Так писатель Абдижамиль Нурпеисов завершает работу над романом о тружениках современного Арала. Выпустил сборник поэм и стихов под названием «Мои современники» Калижан Бекхожин. Завершил первые две книги мемуаров Абдильда Тажибаев. Писатель Азильхан Нуршаихов после тщательной переработки издает документальный роман «Легенда и истина». Вышел новый роман Ильяса Есенберлина «Мангышлакский фронт» о делах нефтяного полуострова.

Увидели свет романы о рабочем классе «Черное ожерелье» Шерхана Муртазаева, «Спор» Ахата Джаксыбаева, «Медная гора» Валерия Буренкова, повесть «Четыре ночи тревоги» Геннадия Толмачева, «Комиссар Джангильдин» М.Симашко, «Времена года нашей жизни» С.Санбаева, «Два дня до весны» Г.Черноголовиной. Представляют определенный интерес романы писателей Карибая

Ахметбекова «Гнездо в облаках» о наших современниках.

Завершен новый роман Ануара Алимжанова «Возвращение учителя» об аль-Фараби, вторую книгу романа «Ахан-сэре» выпустил Сакен Жунусов, появилась в свет первая книга нового романа Дмитрия Снегина «Утро и два шага в полдень» о пламенном революционере Уразе Джандосове.

Книги стихов Хамита Ергалиева «Окно в мир», Аскара Токмагамбетова «Сокол», Аманжолы Шамкенова «Сказание джайляу», новые стихи Кадыра Мурзалиева, Сырбая Мауленова, Туманбая Молдагалиева, Аяна Нысаналина, Куандыка Шангитбаева, Гафу Каирбекова, Фаризы Унгарсыновой, Турсунхан Абдрахмановой, Куляш Ахметовой, Саги Жиенбаева и других – заметное явление в поэзии.

Над новыми произведениями работают писатели Тахави Ахтанов, Калтай Мухамеджанов, Сафуан Шаймерденов, Саин Муратбеков, Рамазан Тохтаров и многие другие.

ЦК Компартии Казахстана обязал нас упорядочить работу над переводной литературой. Сейчас СП Казахстана совместно с Госкомиздатом республики разработал перспективный план перевода лучших произведений мировой и советской классики. Издательство «Жазушы» выпускает серию «Библиотека дружбы», по которой уже изданы на казахском языке произведения Чингиза Айтматова, Олеся Гончара, Мустая Карима, Георгия Маркова, Рахмата Файзи, Теркеша Жумагельдиева, Жалола Мкрами, Авижюса, Анара, Гурцунца, Друцэ, Думбадзе и многих других. Эти серия продолжается.

На совете по переводу обсуждены двухтемники Пушкина, Лермонтова, Некрасова в результате чего заметно улучшилось качество перевода. Такая же работа ведется по подготовке переводов произведений Толстого, Чехова, перевод с казахского на русский «Кыз-Жибек», «Кобланды» и других.

На советах прозы, поэзии и критики разносторонне обсуждались книги Сакена Жунусова, Акима Тарази, Бердибека Сокпакбаева, Гафу Каирбекова, Сагата Ашимбаева, Тулегена Токбергенова.

На Совете по русской секции: роман Ш.Алимбаева «Альфа гениальности», сборник стихов «Ступеньки», новый роман М.Симашко.

Союз писателей Казахстана совместно с Казсовпрофом провел конкурс на лучшее произведение о рабочем классе.

Заметно оживилась работа на советах по уйгурской, корейской,

немецкой литературе.

Союз писателей Казахстана и его Бюро пропаганды литературы постоянно направляют писателей в области. Ведущие писатели республики активно отражали подвиг героев казахстанского миллиарда в своих очерках, публицистических выступлениях.

Однако следует отметить, что СП Казахстана еще не в полной мере установил творческие связи с производственными коллективами, с тружениками села, воинскими частями, научными учреждениями. Предстоит еще много сделать в создании принципиальной творческой атмосферы в писательской среде. Не все ведущие литераторы участвуют в творческих советах. Все еще отстают жанры драматургии, кинодраматургии, либретто, научной фантастики.

Принципиальные, партийные требования XXV съезда КПСС помогут нам устранить имеющиеся нам в нашей работе недостатки.

**Ш.Муртазаев,  
Секретарь правления  
Союза писателей  
Казахстана**

## Мазмұны

Алғы сөз.....	3
Ихсан ханым.....	5
Көк алтын.....	12
Адамнан алып не бар?.....	16
Қуаныштың қайнар бұлағы.....	20
Ғалым жолы.....	25
Балықшының бақыты.....	31
Студенттердің досы.....	36
«Айтқаным айтқан».....	39
Шалқардағы шабыт.....	42
Шынайы достық бейнесі.....	44
Шойын шоқтары.....	46
Шаттық тасқыны.....	50
Келешек туралы әңгіме.....	51
Көктем қоңырауы.....	53
Қорғалжындықтар қашан қозғалады?.....	59
Қуаныш ортақ, мереке ортақ.....	61
Мазасыз түн.....	63
«Ижев» совхозының таңы.....	68
Бүгінгінің Қарынбайы.....	72
Ерлер қияға өрлейді.....	74
Ақ толқын.....	78
Күн сипатты жандар.....	83
Коммунизм көктемі.....	89
Заман түлектері.....	94
Бұлтсыз күнгі найзағай.....	98
Әкеге тартып ұл туса игі.....	101
Сфинкс сөйлейді.....	103
Мәңгілікпен дидактасу	
Ұзақ командировка.....	109
Оралтауға барарда.....	113
Алтын тікен.....	116
Бір нәзік сәуле.....	120
Конкурс және жеңімпаздар.....	126
«Ақмылтық» атылған соң.....	131
Кезек біздікі.....	139
Отты жылдар шежіресі.....	140

Шерхан Мұртазаев.....	141
Кітап мерекесі.....	143
Көкемарал гүлдегенде.....	145
Әдебиет айнасы.....	153
Жұмысшы – жасампаз еңбектің жаршысы.....	157
Көрнекті қайраткер.....	164
Тұрар Рысқұловтың туғанына 80 жыл толуына Лайықты еңбек.....	169
Шыңыраудан шыңға.....	173
Абыройлы міндет.....	180
Прозадағы поэтикалық стиль.....	186
Шақалақ.....	192
Халық қазынасы.....	195
Уақыт. Замандас. Әдебиет.....	201
Қазақ әңгімелерінің жинағы.....	210
Шындық шырайы.....	214
Сколько в человеке доброты?.....	217
На пульсе времени.....	218
Капелька твоего солнца.....	220
«Қара маржан».....	223

**ҚАЗАҚТЫҢ  
ШЕРАҒАСЫ**

**(Көп томдық шығармалар жинағы)**

**7-том**

**Баспа директоры  
Корректоры  
Техникалық редакторлар**

**Ғани Байлыбеков  
Жадыра Байсақалова  
Сапаш Әлімжан  
Қырықбаев Бауыржан**

**Шартты б.т.14,2  
Қағазы офсеттік  
Офсеттік басылым. Таралымы 500 дана**

**Тапсырыс №144**

---

**ТИГУ Редакциялық-баспа бөлімі,  
080000, Тараз қ., Рысбек батыр көшесі, 13б үй  
E-mail: tigu.kz.**